

## Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 620 қаулысы.

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 20.08.2024 № 673 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін, бірақ ерте дегенде 20.08.2024 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 623 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., № 24, 248-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 623 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 18 қазандағы № 1005 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., № 38, 427-құжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

*K. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2012 жылғы 15 мамырдағы

№ 620 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидалары**

**1-тaraу. Негізгі ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 20.08.2024 № 673 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін, бірақ ерте дегенде 20.08.2024 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**2. Осы Қагидалар:**

- 1) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды;
- 2) запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыруды;
- 3) әскери жиындарға шақыруды;
- 4) жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскерге шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.

**2-тaraу. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі**

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Заңның 31-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде әскери қызмет мәселелері жөніндегі заңнаманың орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

5. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу үшін облыстарда (республикалық маңызы бар қалаларда немесе астанада) және аудандарда (қалаларда, облыстық маңызы бар қалаларда) жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша Заңның 28-бабында айқындалған құрамда әскерге шақыру комиссиялары құрылады. Әскерге шақыру комиссияларының тағайындалған мүшелерінің бірі сырқаттанған немесе басқа да дәлелді себептермен болмаған жағдайда тиісті жергілікті атқарушы органдардың шешімімен әскерге шақыру комиссиясының резервтік құрамы айқындалады және бекітіледі. Жергілікті әскери басқару органдары бірнеше әкімшілік аудандарға қызмет көрсеткен кезде әскерге шақыру комиссиялары тиісті аудан әкімі орынбасарының төрағалық етуімен әрбір ауданда құрылады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелі он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**6. әскери есептен:**

1) аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қалалар) әскерге шақыру комиссияларының қызметіне басшылық жасауды және бақылауды жүзеге асырады;

2) азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру және одан босату дұрыстығын тексереді, оның ішінде бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында жарамдылығы шектеулі және әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған әскерге шақырылуышылардың барлық жеке ісіне тексеру жүргізеді (құжаттарды және әскерге шақыру комиссиясының мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босату туралы шешімін тексеру нәтижесі бойынша әскерге шақырылуышының есепке алу картасында аудандық (

қалалық, облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының шешімін бекіту (қорғаныс істері жөніндегі департаменттің елтаңбалы мөрімен) немесе азаматты қайта куәландыруға жіберу туралы белгі жасайды);

3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5) азаматтардың аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қалалар) әскерге шақыру комиссияларының шешімдеріне шағымдары мен өтініштерін қарайды;

6) аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қалалар) әскерге шақыру комиссиялары шешімдерінің күшін жояды.

Аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қалалардың) әскерге шақыру комиссиялары қабылдаған шешімдерді тексеру нәтижелері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астана) әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітabyна енгізіледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

7. Аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы әскерге шақырылуышыларды медициналық куәландыру нәтижелері бойынша Заңның 28-бабының 3-тармағына сәйкес шешім қабылдайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының төрағасы комиссияның жұмысын, оның мүшелерінің құрамы толық болған кезде отырыс өткізуіді қамтамасыз етеді және азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруға, оларды мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатуға байланысты құжаттардың уақтылы және дұрыс ресімделуіне тұрақты бақылауды жүзеге асырады.

Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру және одан босату Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 605 бұйрығымен бекітілген "Әскерге шақыруды кейінге қалдыру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына және "Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21613 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

9. Ұйымдардың басшылары азаматтарды әскери қызметке шақыру қезінде оларды медициналық куәландырудан өткізу үшін әскерге шақырылуға жататын азаматтарды демалыстардан шақыртып алады, оларды хабардар етуді ұйымдастырады және әскерге шақыру пунктіне уақтылы келуін қамтамасыз етеді.

Мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын әскерге шақырылышылар жергілікті әскери басқару органдарының шақыртуы бойынша аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясынан өту үшін әскерге шақыру пунктіне келеді.

10. Шетелде уақытша тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру олар Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келісімен, әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы болмаған кезде Занға сәйкес жүзеге асырылады.

Әскерге шақырылышы шетелге қызметтік іссапарға немесе оқуға баратын кезде тиісті мемлекеттік органның қолдаухаты және әскерге шақырылышының жеке өтініші негізінде қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тиісті анықтама береді.

11. Мерзімді әскери қызметке шақыру және олардың әскерге шақыру пункттеріне келуі туралы азаматтарды хабардар етуді жергілікті әскери басқару органдарының лауазымды адамдары тұрғылықты жері бойынша: кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде жергілікті атқарушы органдар арқылы шақырту қағаздарымен немесе жұмыс (оқу) орны бойынша ұйым басшылары жүргізіп, қол қойғызып алады.

Мерзімді әскери қызметке шақыруға Қарулы Құштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау үшін қажетті санда он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, әскерге шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босатылу құқығы жоқ азаматтар жатады.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

12. Әскерге шақырылышылардың аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясына дәлелсіз себептермен келмеген, сондай-ақ шақыру қағазын азаматтың жеке өзіне тапсыру мүмкін болмаған барлық жағдайлар туралы қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) бастықтары оларды іздестіру және әскерге шақыру пунктіне келуін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына хабарлайды. Әскерге шақырудан қасақана

жалтарған, сондай-ақ азаматтардың әскерге шақыру пункттеріне уақтылы келуіне кедергі келтірген адамдарға материалдар қолданыстағы заңнамаға сәйкес оларды жауаптылыққа тарту үшін тиісті органдарға беріледі.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

13. Азаматтардың әскерге шақыру пункттеріне келмеуінің дәлелді себептері:  
еңбекке жарамдылығынан айырылуға байланысты науқастануы (жарақаттануы);  
басқа адамның көмегіне мұқтаж, толық мемлекеттік қамтамасыз етуде тұрмаған, Қазақстан Республикасының аумағында олармен бірге немесе бөлек тұратын жақын туыстары немесе заң бойынша отбасы мүшелерін асырауға міндettі басқа да адамдар болмаған кезде әскерге шақырылуышы адам тарапынан күтімді талап ететін жақын туысының қайтыс болуы немесе науқастануы;

азаматтың жеке өзінің келу мүмкіндігінен айырған табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар (жер сілкінісі, сел, қар көшкіні, су тасқыны, өрт және басқалар) болып танылады.

Келмеу себептері құжат түрінде расталуға тиіс.

14. Азаматтарды медициналық қуәландыру, сондай-ақ медициналық комиссиялардың құрамы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 716 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережеге (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21869 болып тіркелген) (бұдан әрі – Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады және айқындалады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тиісті түрі мен тегіне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тағайындау туралы шешім қабылдау кезінде олардың мамандығын, денсаулық жағдайын ескереді, осыған байланысты басым түрде:

1) зымыран, авиация, броньды танк техникасын және радиотехникалық аппаратура шығарумен байланысты ұйымдарда жұмыс істейтін әскерге шақырылуышылар тиісті әскер түрлері мен тектерін жасақтауға жіберіледі;

2) режимдік және арнайы бөлімдерді жасақтау үшін көрсетілген командаларға алдын ала іріктелген әскерге шақырылуышылар жіберіледі;

3) десанттық-шабуылдау әскерлерін жасақтау үшін әскерге шақырылушыларды іріктеу жалпы орта білімнен төмен емес білімі бар, дene бітімі жақсы дамыған, бірінші кезекте парашютші спортшылар қатарынан жүзеге асырылады;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құзет қызметін жасақтау үшін әскерге шақырылушыларды іріктеу "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзет қызметінің бастығы белгілеген, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзет қызметінің әскери қызметшілеріне қойылатын білім деңгейі бойынша талаптарға, жұмыс тәжірибесіне және дене дайындығына басымдық беріліп жүзеге асырылады;

5) жоғары білімі бар әскерге шақырылушылар оқу-жаттығу бөлімдеріне олардың біліміне және әскери даярлық бейініне үқсас мамандықтар бойынша жіберіледі;

6) математика, физика және инженерлік-экономикалық факультеттерді бітірген әскерге шақырылушылар радиотехникалық, зениттік-зымыран бөлімдеріне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері барлық түрлерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының байланыс бөлімдеріне жіберіледі;

7) ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру факультеттерін бітірген әскерге шақырылушылар танк, авиация, зениттік-зымыран бөлімдеріне және азаматтық қорғаныс әскери бөлімдеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланына жіберіледі;

8) медицина және фармацевтика факультеттерін бітірген әскерге шақырылушылар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тиісінше кіші медициналық персонал лауазымдарына жіберіледі;

9) сарбаздар қатарынан сержанттарды, кіші мамандарды даярлау үшін оқу-жаттығу бөлімдері мен мектептерге іріктеу білімі ортадан төмен емес әскерге шақырылушылар қатарынан қатаң түрде жеke тәртіппен жүргізіледі (оқу-жаттығу бөліміне кандидат іріктеген кезде олардың әскерге шақырылғанға дейін алған мамандықтары да ескеріледі);

9-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын жасақтау үшін іріктеу негізгі орта білімнен төмен емес білімі бар әскерге шақырылушылар қатарынан жүзеге асырылады. Бұл ретте заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар қылмыс жасағаны үшін бұрын сотталған немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған, сондай-ақ әскерге шақырылушкины әскерге шақыру сәтінде белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар жақын туыстары бар адамдар әскерге шақырылмайды. Әскерге шақырылушыларды іріктеу және алдын ала зерделеу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы әскери бөлімдерінің өкілдері тартылады;

10) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (бұдан әрі - Шекара қызметі) тиісті физикалық және моральдық-психологиялық даярлығы бар, білімі жалпы ортадан төмен емес, басым тәртіппен іріктелген әскерге шақырылушылармен жасақталады.

Қорғаныс істері жөніндегі департаменттер (басқармалар, бөлімдер) мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын әскерге шақырылушыларды зерделеу және іріктеу бойынша жұмыс жүргізеді.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.04.2014 № 378; 16.10.2014 № 1098 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2014.11.20 № 1215; 08.06.2017 № 350 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.10.2020 № 701; 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

16-1. Әскерге шақырылушыларды зерделеу қорғаныс істері жөніндегі басқармаларда (бөлімдерде) әскерге шақырылушылардың іскерлік қасиеттері, дene бітімінің дамуы, жалпы білім беру және арнайы даярлығы, отбасы жағдайы туралы мәліметтерді жоспарлы жинақтау негізінде жүзеге асырылады және екі кезеңмен жүргізіледі.

Бірінші кезең қорғаныс істері жөніндегі басқармаларда (бөлімдерде) көктемгі әскерге шақыруға қарай жыл сайын 10 қантардан бастап 28 ақпанға дейін, күзгі әскерге шақыруға қарай 10 шілдеден бастап 28 тамызға дейін жүргізіледі.

Екінші кезең қорғаныс істері департаментінде жиын пункттерінде жыл сайын 1 наурыздан бастап 30 маусымға дейін, 1 қыркүйектен бастап 31 желтоқсанға дейін жүргізіледі.

Ескерту. 2-тaraу 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16-2. Әскерге шақырылушыларды зерделеу және іріктеу мерзімді әскери қызметке шақыруға жататын азаматтар қатарынан жүргізіледі.

Ескерту. 2-тaraу 16-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16-3. Зерделеу:

1) қылмыстық жауаптылыққа тартылған;

- 2) тергеудегі немесе қылмыстық істер бойынша күәгер ретінде өтетін;
- 3) белгіленген тәртіппен тіркелмеген партияларда, қоғамдық бірлестіктерде және дәстүрлі емес діни ағымдарының мүшелерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

**Ескерту. 2-тарау 16-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16-4. Зерделеу барысында әскерге шақырылушкиның отбасы құрамы, әскери қызмет өткеру үшін жарамдылық санаты, білімі және мамандығының болуы нақтыланады.

**Ескерту. 2-тарау 16-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16-5. Қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) лауазымды адамдары осы Қағидаларға 2-2-қосымшага сәйкес әскерге шақырылушкины зерделеу парағын толтыра отырып, әскерге шақырылушкиның жеке ісінің құжаттарын зерделеуді және әскерге шақырылушылармен әңгімелесуді жүргізеді.

**Ескерту. 2-тарау 16-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16-6. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) жергілікті әскери басқару органдары әскерге шақырылушыларды зерделеу жоспарын жасайды;

2) қорғаныс істері жөніндегі басқармаларда (бөлімдерде) зерделеуді жүргізу үшін қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің жеке құрамын бекіте отырып, әскерге шақырылушыларды зерделеуді ұйымдастыру және жүргізу туралы бұйрық шығарылады;

3) зерделеуге дайындық және оны жүргізу барысына бақылау жүзеге асырылады.

**Ескерту. 2-тарау 16-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16-7. Қорғаныс істері жөніндегі басқармаларда (бөлімдерде) әскерге шақырылушыларды зерделеу үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) әскерге шақырылушыларды зерделеуге дайындық және оны жүргізу жоспары жасалады;

2) әскерге шақырылушыларды зерделеуді ұйымдастыру және жүргізу туралы бұйрық шығарылады;

3) зерделеуді жүргізетін лауазымды адамдарды бекіте отырып, зерделеуге жататын әскерге шақырылушылардың тізімдері жасалады;

4) жеке істер іріктеледі және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының (әскер тектері мен түрлөрі бойынша) әскери

командаларын құруға арналған, денсаулық жағдайы бойынша жарамды, тиісті білім деңгейі мен мамандығы бар әскерге шақырылышылар жеке істерінің жеке картотекасы жасалады;

- 5) әскерге шақырылышыларды зерделеуді жүргізу кестесі мен мерзімдері жасалады;
- 6) әскерге шақырылышылармен жеке әңгімелесу әдісімен зерделеу үшін тартылатын лауазымды адамдардың тізімдері бекітіледі;

7) мынадай:

денсаулық сақтау ұйымынан және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелерінен созылмалы ауруларымен динамикалық, оның ішінде психикалық денсаулық, фтизиопульмонология орталықтарында, тері-венерология орталықтарында есепте тұрған адамдардың тізімдерін олардың келісуімен, Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 148139 болып тіркелген) денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысанына (амбулаторлық пациенттің медициналық картасына (052/у нысаны), профилактикалық қарап-тексеру (скрининг) картасына (055/у нысаны), әскерге шақыру жасына дейінгі адамның емдік картасына (060/у нысаны) сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырылатын азаматтардың денсаулық жағдайын сипаттайтын құжаттарды;

құқық қорғау органдарынан қылмыстық жауаптылықта тартылған және тергеудегі адамдардың тізімін;

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясынан әскерге шақырылышының тегін, атын және әкесінің атын (бар болса), туған күнін және жерін өзгергені туралы, сондай-ақ әскерге шақырылышының қайтыс болуы тіркелген жағдайлар туралы;

халықты әлеуметтік қорғау органдарынан мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы мүгедектігі бар адам деп танылған әскерге шақырылышылар туралы мәліметтер алынады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелер арасында өзара іс-қимыл болмаған жағдайда мәліметтер тиісті сұрау салулар бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) жолданады.

**Ескерту. 2-тарау 16-7-тармақпен толықтырылды - КР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16-8. Зерделеу жүргізу барысында әскерге шақырылышыларға әскерге шақыру және әскери қызмет өткеру тәртібін реттейтін заңнаманың талаптары жеткізіледі.

**Ескерту. 2-тaraу 16-8-tармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16-9. Қорғаныс істері басқармаларында (бөлімдерінде) зерделенген және ірікте алынған әскерге шақырылушылардың тізімдері осы Қағидаларға 2-3-қосымшаға сәйкес 28 ақпанға және 28 тамызға қарай қорғаныс істері департаментіне беріледі.

**Ескерту. 2-тaraу 16-9-tармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16-10. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жынын пункттерінде әскерге шақырылушыларды зерделеудің екінші кезеңін өткізу үшін қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының бұйрығымен мынадай құрамда жұмыс тобы құрылады:

- 1) жетекші – қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары – жасақтау басқармасының бастығы;
- 2) қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары – тәрбие және идеологиялық жұмыс бөлімінің бастығы;
- 3) әскерге шақыру бөлімінің бастығы;
- 4) медицина қызметінің бастығы;
- 5) психолог;
- 6) заң қызметінің бастығы.

**Ескерту. 2-тaraу 16-10-tармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16-11. Жұмыс тобы:

- 1) жеке істе – ресімделу толықтығы, құжаттардың бар болуын және зерделеу парақтарының толтырылуын;
- 2) әскерге шақырылушының психиатриялық, наркологиялық, тері-венерологиялық, туберкулезге қарсы диспансерлерде диспансерлік есепте, онкологиялық ауырудың болмауын;
- 3) әскерге шақырылушының ішкі істер органдарында, анықтау, алдын ала тергеу органдарында есепте және соттылығының болмауын;
- 4) әскерге шақырылушыны зерделеу парағында жазбаның бар болуын, әнгімелесу өткізілген және оны өткізген адамдардың қолтаңбасының бар болуын;
- 5) әскерге шақыру комиссиялары шешімдерінің дұрыстығын тексереді.

**Ескерту. 2-тaraу 16-11-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16-12. Жұмыс тобы әскери команданы құру кезеңінде сұрақ қою және зерделеу парағын толтыру арқылы олардың денсаулық жағдайына назар аудара отырып, әскерге шақырылушилармен әңгімелесу, сондай-ақ психологиялық зерделейді.

**Ескерту. 2-тaraу 16-12-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17. Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру Заңның 35-бабына сәйкес аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының шешімімен беріледі.

18. Отбасы жағдайлары бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру азаматтарға ұсынылған құжаттар мен олардың отбасы жағдайын тексеру актісі негізінде беріледі. Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы шешім осы мәселені алғаш қараған кезде бір рет қабылданады.

Тексеруді жергілікті атқарушы органның, қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің), білім беру ұйымдары мен өзге де мекемелердің өкілдерінен тұратын тиісті комиссиялар жүргізеді. Тексеру нәтижелері бойынша комиссия осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес әскерге шақырылушиның отбасы жағдайын тексеру актісін жасайды.

Кейіннен қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) күздегі әскерге шақыру алдында отбасы жағдайлары бойынша әскерге шақыру кейінге қалдырылған әскерге шақырылушилардың отбасы жағдайын тексереді. Тексеру нәтижелері туралы әскерге шақырылушиның есепке алу картасына жергілікті әскери басқару органы бастығының қолын қоюмен расталған тиісті белгілер жасалады.

**Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

19. Отбасы жағдайы бойынша әскерге шақыруды кейінге қалдыру үшін негіздемeden айырылған адамдар мерзімді әскери қызметке жалпы негізде шақырылады.

20. Азаматтарға білім алуды жалғастыру үшін әскерге шақыруды кейінге қалдыру туралы шешім осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы әскерге шақырылуши алатын анықтама негізінде "электрондық үкімет" порталы арқылы алғаш рет өтініш жасаған кезде бір рет беріледі және қабылданады.

Кейіннен қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) ақпараттық жүйелер арқылы тиісті білім беру ұйымдарынан жыл сайын 1 қазанға дейін әскерге

шақырылушылардың білім алуын жалғастырып жатқанын растайтын мәліметтерді алады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелер арасында өзара іс-қимыл болмаған жағдайда мәліметтер тиісті сұрау салу бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) жолданады.

Білім алуды жалғастыруды растайтын көрсетілген мәліметтер әскерге шақырылышының жеке ісіне тігіледі.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

21. Денсаулық жағдайы бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру медициналық қуәландыру кезінде әскери қызметке уақытша жарамсыз деп танылған азаматтарға әскерге шақыру комиссиясының шешімімен бір жыл мерзімге дейін беріледі. Осы мерзім өткеннен кейін әскери қызметке жарамдылығы туралы түбегейлі қорытынды шығарылады.

22. Азаматтарға басқа да себептер бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру Заңға сәйкес беріледі.

23. Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қалалардың) әскерге шақыру комиссияларының шешімдері аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қалалардың) әскерге шақыру комиссияларының хаттамалар кітабына, кейінге қалдыру мерзімін және негіздемесін көрсете отырып, әскерге шақырылушылардың есепке алу карталарына және тіркеу туралы күеліктеріне жазылады.

24. Денсаулық жағдайы бойынша әскерге шақыруды кейінге қалдыруды қоспағанда, әскерге шақырылушылардың әскерге шақыруды кейінге қалдыру құқығынан бас тарту құқығы бар және жеке өтініш және мүдделі адамдардан және халықты әлеуметтік қорғау органдарынан нотариалдық қуәландырылған тиісті өтініш ұсынған кезде мерзімді әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

25. Бейбіт уақытта әскери қызметке шақырудан босату Заңның 36-бабының 1-тармағына сәйкес аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының шешімімен беріледі.

Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылғандардан басқа, әскерге шақырудан босатылуға құқығы бар әскерге шақырылушылар Заңның 36-бабының 5-тармағына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

Жиырма жеті жасқа толған, түрлі себептер бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылмаған азаматтар медициналық қуәландырудан өтпей қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) комиссиясының актісіне сәйкес запасқа беріледі.

Корғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) комиссиясы жиырма жеті жасқа толғаннан кейін мерзімді әскери қызметке шақырылмаған әскерге

шақырылушылардың жеке істерінің болуын есепке алу-әліпби кітабының деректерімен салыстырып тексереді және запасқа берілетін әскерге шақырылушылардың тізімін қоса бере отырып, еркін нысанда акт жасайды.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

26. Аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қалалардың) әскерге шақыру комиссиялары бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз деп таныған және осыған байланысты әскери міндеттілердің әскери есебіне қабылданған адамдарды бейбіт уақытта медициналық қайта куәландыру Өскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

27. Аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының шешіміне сәйкес мынадай талаптарды сақтай отырып, құжаттарды ресімдеу жүргізіледі:

1) әскерге шақырылушының есепке алу картасында әскерге шақырылушының денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылық санаты, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының қай түріне және әскер тегіне тағайындалғаны туралы аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының шешімі жазылады;

2) отбасы жағдайлары бойынша, білім алуды жалғастыру үшін, денсаулық жағдайы және басқа да себептер бойынша мерзімді әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған адамдардың әскерге шақыру участасынан тіркеу туралы куәліктеріндегі "Әскерге шақыру комиссиясынан өту нәтижелері" деген бөлімде қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығының қол қоюымен және елтаңбалы мөрмен расталатын тиісті жазбалар жазылады;

3) бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды деп танылған, сондай-ақ әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдарға электрондық құжат нысанында мерзімді әскери қызметке шақырудан босату туралы шешім шығарылады. Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызмет өткери кейінге қалдырылған немесе одан босатылған барлық азаматтардың жеке істері зерделеу үшін облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясына жолданады. Құжаттарды тексеру нәтижесі бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы әскерге шақырылушының есепке алу картасында аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қалан) әскерге шақыру комиссиясының шешімін бекіту туралы немесе азаматты қайта куәландыруға жіберу туралы белгі жасайды. Қайта

куәландыруға денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылық санаты туралы аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының шешімімен келіспеген азаматтар да жатады. Аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының шешімі бекітілгеннен кейін запас бойынша әскери-есептік құжаттар ресімделеді.

Есептік-әскери құжаттар ресімделгеннен кейін үш данада тізімдер жасалады және әскерге шақырылушилардың есепке алу карталарымен қоса әскери билеттер жазып беретін қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің есепке алу бөліміне ұсынылады. Әскерге шақырылушилардың есепке алу карталарында онда әскери билеттің үзіндісінің сериясын, нөмірі мен күнін белгілей отырып, әскери билеттермен тізімнің екінші данасы қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) қайтарылады.

**Ескерту. 27-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

28. Әскерге шақыру комиссиясы төрағасының әскерге шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босату туралы шешімі бір жұмыс күні ішінде порталда электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне", сондай-ақ осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қалалар) әскерге шақыру комиссияларының хаттамалары кітabyна енгізу үшін көрсетілетін қызметті алушының түрғылықты жері және әскери есепке алу орны бойынша жергілікті әскери басқару органына жолданады.

Азаматтар аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы шығарған шешіммен келіспеген жағдайда оған Қазақстан Республикасы Экімшілік ресімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес шағымдана алады. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі шағымдар "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, қаралуға жатады.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

29. Аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының шешіміне сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтар ұйымдастырылған түрде облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктіне келеді. Оларды жеткізу үшін қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) қызметкерлері қатарынан оларға бірге жүрушілер тағайындалады. Бірге жүрушілерге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес атаулы тізімнің үш данасы және мөр басылған түрде жеке істер, есептік-қызметтік карталар, амбулаторлық науқастың медициналық картасына жасөспірімге арналған қосымша парактар беріледі.

Атаулы тізімнің № 1 және 2 даналары облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінің бастығына беріледі, ал облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінің бастығы команданы қабылдағаны туралы қол қоятын № 3 данасы бірге жүрушілермен қоса қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) қайтарылады.

Атаулы тізімнің № 2 данасы команданы облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінен жөнелткен күні қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) қайтарылады. Онда жөнелтілген әрбір азаматтың тегінің тұсына: қашан (күні, айы мен жылы) және қандай әскери команدامен жөнелтілгені немесе қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) қандай себеппен қайтарылғаны туралы белгі қойылады. Тізімнің осы данасына облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінің бастығы қол қояды және қорғаныс істері жөніндегі департаменттің елтаңбалы мөрімен куәландырылады.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінен алынған атаулы тізімнің № 2 данасы қорғаныс істері жөніндегі басқармада (бөлімде) кіріс журналы бойынша есепке алынады. Осы тізім негізінде есептік-әліпбилік кітаптың тиісті бағанында әскерге жөнелтілген әрбір әскерге шақырылуышының тегінің тұсында: "20\_\_ жылғы \_\_ \_\_ \_\_ № \_\_\_\_ әскери команدامен жөнелтілді" деген белгі қойылады, содан кейін осы тізім қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) істеріне тігіледі.

Атаулы тізімнің № 1 данасы тізімге енгізілген адамдардың қашан және қандай әскери команدامен жөнелтілгені немесе қандай себептермен қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) қайтарылғаны туралы белгілермен қорғаныс істері жөніндегі департаменттің ісіне тігіледі.

29-1. Қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) талап ету орны бойынша азаматтарға осы Қағидаларға 5-1-қосымшага сәйкес әскери қызметке шақырылғанын растау туралы мәліметтерді береді.

**Ескерту. 2-тaraу 29-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

30. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиялары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына жөнелту алдында тікелей облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінде аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясымен мерзімді әскери қызметке шақырылған адамдарды медициналық тексеруден өткізеді.

30-1. Жиын пунктінде әскерге шақырылуышылар осы Қағидаларға 5-2-қосымшага сәйкес бақылау медициналық тексерудің нәтижелері бойынша психологиялық зерделеуге жіберіледі.

**Ескерту. 2-тaraу 30-1-tармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

30-2. Облыстық әскерге шақыру комиссиясының отырысынан кейін әскери командаларға қабылданған әскерге шақырылушылар мыналардан өтеді:

1) екі данада акт жасай отырып (бір данасы қорғаныс істері департаментіне, екінші данасы әскери бөлімнің (мекеменің) өкіліне беріледі, ол еркін нысанда жасалады және оған қорғаныс істері департаментінің медицина қызметінің бастығы, әскери бөлімнің (мекеменің) медицина қызметкері қол қояды), денені қарап-тексеру;

2) наркологиялық тестілеу.

Командаларды құру аяқталғаннан кейін әскерге шақырылған азаматтар мынадай құжаттармен бірге әскери бөлімдердің (мекемелердің) өкілдеріне беріледі:

атаулы тізімдер – екі данада;

азық-түлік аттестаты;

киім-кешек аттестаты (Қазақстан Республикасының Қарулы Құштері үшін ғана);

маршрут парагы;

063-нысандағы егу картасы;

мінездемелік құжаттар;

жеке басын куәланыратын құжаттың көшірмесі;

есепке алу-әскерге шақыру картасы;

25/у-нысандағы амбулаторлық науқастың картасынан үзінді;

толтырылған медициналық кітапшалар;

психологиялық зерделеудің нәтижесі.

**Ескерту. 2-тaraу 30-2-tармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

31. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктіндегі медициналық тексеру нәтижесінде әскери қызметке кедергі келтіретін науқастануы анықталған әскерге шақырылушылар әскерге шақырылған жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) жіберіледі.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінен қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) қайтарылған әскерге шақырылушылар осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінен қайтарылған әскерге шақырылушыларды есепке алу кітабына енгізіледі.

Қайтарылатын әрбір әскерге шақырылушыға облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясының төрағасы қорғаныс істері

жөніндегі басқарма (бөлім) бастығының атына осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес әскерге шақырылуши қандай себептермен қайтарылатынын көрсете отырып, қызметтік хатты жолдайды. Бұл қызметтік хат әскерге шақырылушиның жеке ісіне тігіледі.

Қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) бастықтары облыстық жиын пунктінен қайтарылған барлық адамдарды облыстық жиын пунктінен алғынған жаңа деректерді ескере отырып, мерзімді әскери қызметке шақыру туралы мәселені шешу үшін әскерге шақыру комиссиясына қайта шақыртады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери қуралымдары үшін әскерге шақырылушиларды медициналық қарап-тексерудің соңғы кезеңі – облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың немесе астананың) жиын пунктіндегі, ал Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне тағайындалған әскерге шақырылушилар үшін жас буынды қабылдау пунктіндегі дәрігерлердің жұмысы болып табылады. Медициналық қарап-тексеру кезінде денсаулық жағдайы бойынша жарамсыз азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды болдырмау мақсатында аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қалалар) әскерге шақыру комиссияларының ықтимал қателіктері анықталады.

**Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

32. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы қайта медициналық куәландыруды өткізу мерзімдері, орны және куәландыруға жататын азаматтар туралы аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қалалардың) әскерге шақыру комиссияларын хабардар етеді. Қайта медициналық куәландыруға азамат жеке ісімен және қойылған диагнозы мен шығарылған қорытындыны растайтын медициналық құжаттарымен жіберіледі. Егер қайта медициналық куәландыру нәтижесінде азаматтың әскери қызметке жарамдылық санаты өзертілсе, маман дәрігер медициналық куәландыру парагын ресімдейді, ал облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы төмен тұрған комиссия шешімінің күшін жояды және хаттамалар кітабында (денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған) ресімделетін және азаматқа хабарланатын өз шешімін шығарады. Әскерге шақырылушиның есепке алу картасы, медициналық куәландыру парагы, сондай-ақ қорғаныс істері жөніндегі департаменттің мөрімен расталған облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабынан үзінді шешімі қайта қаралған әскерге шақыру комиссиясына жолданады. Егер қайта медициналық куәландыру нәтижесінде аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының шешімі өзертілмесе, онда хаттамалар кітабы мен есепке алу картасында оның бекітілгені туралы жазба жасалады, бұл ретте медициналық куәландыру парагы ресімделмейді.

33. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссияларына сонымен қатар шақырылатын азаматтардың, олардың ата-аналары мен өзге де мүдделі адамдардың әскерге шақыру мәселелері бойынша шағымдарын қарау жүктеледі.

Аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының шешіміне әскерге шақырылушкиның және басқа да адамдардың шағымдары осы шешімнің орындалуын тоқтатпайды.

34. Заңға сәйкес жергілікті әскери басқару органдары:

- 1) әскери командаларды әскерге шақырылушылармен жасақтау;
- 2) командаларды әскери командаларды қабылдау және бірге жүру үшін келген әскери бөлімдердің (мекемелердің) өкілдеріне беру;
- 3) әскери командаларды қажетті мүлікпен және белгіленген жерге дейін жүретін жолда тамақтандырумен қамтамасыз ету;
- 4) командаларды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына ұйымдастыран түрде жөнелту мақсатында жабдықталған жиын пункттерімен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34-1. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пункттерінде:

- 1) әскери командаларды әскерге шақырылушылармен жасақтау үш тәулік ішінде жүргізіледі;
- 2) әскерге шақырылушыларды (резервті ескере отырып) үш мезгіл ыстық тамақпен тамақтандыру жергілікті атқарушы органның қаржаты есебінен ұйымдастырылады;
- 3) жіті ауру және наркологиялық тестілеу нәтижесі оң болған жағдайда командаларды толықтыру үшін пайдаланылатын әскери командада жөнелтілетіндер қатарынан жиырма пайызға дейін әскерге шақырылушылар резервін ұстаяға рұқсат етіледі.

Ескерту. 2-тaraу 34-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34-2. Жиын пункттерінде:

- 1) резервте тұрған әскерге шақырылушыларды үш тәуліктен артық ұстаяға;
- 2) әскерге шақырылушылардың осы Қағидалардың 31-тармағының талаптарын сақтамай кетуіне, яғни уақытша босатылуына жол берілмейді.

Ескерту. 2-тaraу 34-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

35. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінде:

- 1) қорғаныс істері жөніндегі басқармалардан (бөлімдерден) келетін жеке құрамды орналастыруға арналған үй-жай;
- 2) жеке құрамды санитариялық өндеуге арналған үй-жай (монша, душ);
- 3) жиын пунктінде болған уақытта әскерге шақырылған азаматтар арасында тәрбие жұмысын жүргізуге арналған үй-жай;
- 4) әрбір маман дәрігерге бір бөлме есебінен қажетті жабдығы бар медициналық қарап-тексеруге арналған бөлмелер;
- 5) флюорографиялық тексеруге арналған кабинет, жылжымалы рентген-кешені;
- 6) әскери командаларды құру бөлімшесіне арналған үй-жай;
- 7) әскерлерден әскери командаларды әскери бөлімдерге (мекемелерге) қабылдау және бірге жұру үшін келген жеке құрамды орналастыруға арналған үй-жай;
- 8) тамақтандыру пункті;
- 9) дезинфекциялық камералары бар санитариялық өткізгіш, екі инфекцияға арналған оқшаулағыш, санитариялық тораптар;
- 10) жеке құрамды сапқа тұрғызуға және онымен саптық және спорттық сабак өткізуғе арналған орын;
- 11) әскери командаға заттай мүлік және жеке тамақтану рационын беруге және сақтауға арналған үй-жай;
- 12) әскери қызметке шақырылатын азаматтарға психологиялық зерделеу (зерттеу) жүргізуғе арналған үй-жай болуға тиіс.

Барлық үй-жайлар, кабинеттер, санитариялық өткізгіш санитариялық нормалар мен қағидаларға сәйкес болуға тиіс.

Жиын пунктінде жиын пунктінің қолбасшылығын, кезекші қызметті және әскери тәртіп пен реттілікті ұстау үшін тағайындалатын басқа да адамдарды орналастыруға арналған орындар көзделуге тиіс.

**Ескеरту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

36. Қорғаныс істері департаменттерінің бастықтары және олардың тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарлары облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың немесе астананың) жиын пункттерінде әскерге шақырылуышлар арасында қажетті тәрбие жұмысы мен идеологиялық жұмысты ұйымдастырады, шығарып салуға келген ата-аналармен түсіндіру жұмысын жүргізеді, сондай-ақ жергілікті атқарушы

органдар, қоғамдық үйымдар өкілдерінің және әскерге шақырылуышылар ата-аналарының қатысуымен әскери командалардың жеке құрамын салтанатты түрде шығарып салуды үйимдастырады.

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың немесе астананың) жиын пункттерінде, сондай-ақ жол жүргенде әскерге шақырылуышылармен тәрбие және идеологиялық жұмысты жүргізу кезінде жоғары үйимшылдық пен тәртіпті қамтамасыз етуге, жергілікті тұрғындарға қатысты бұзақылық және басқа да жат қылыш жасау жағдайларын болдырмауға назар аударылады. Жол жүргенде және тоқтаған жерлерде өзін-өзі ұстau қағидалары мен қауіпсіздік шаралары, жеке құрамның әскери тәртіпті, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қатаң сактау қажеттілігі түсіндіріледі.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

37. Әскери командаларды қабылдау және бірге жүру үшін тағайындалған жеке құрам облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктіне командалар жөнелтілгенге дейін үш тәулік бұрын келеді. Бұл ретте жеке құрамның өзімен бірге мыналар болуға тиіс:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттар;
- 2) іссапар куәлігі;
- 3) жас буынды қабылдауға әскери бөлімнің (мекеменің) сенімхаты;
- 4) қабылданатын командаға медициналық кітапшалардың бланкілері;
- 5) әскери команданы тасымалдауға арналған маршрут парагы.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

37-1. Әскер өкілдері облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пункттерінде жас буынды қабылдау кезінде:

- 1) жасақтау басқармасының бастығына бағынады;
- 2) жаңадан келгендердің жалпы санын нақтылайды;
- 3) командаға тағайындалған әскерге шақырылуышыларды атаулы тізімдер бойынша салыстырып тексеруді жүзеге асырады;
- 4) әскери-есептік құжаттардың, психологиялық зерделеу нәтижесінің, медициналық құжаттардың болуын және жазбалардың толықтығын тексереді;
- 5) әскерге шақырылуышыларда сызаттар мен гематоманың, сондай-ақ денсаулығында және антропометриялық деректерінде қандай да бір айқын ауытқудың болуы түрғысынан денені қарап-тексереді;
- 6) тамақтану, санитариялық өндеуден өту үшін жеке құраммен бірге жүреді.

**Ескерту. 2-тaraу 37-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

37-2. Әскери бөлімдер (мекемелер) өкілдеріне әскерге шақырылушилардың денсаулығына, отбасы жағдайына және моральдық-іскерлік қасиеттеріне негізделмеген (артық) талаптар қоюға тыйым салынады.

**Ескерту. 2-тaraу 37-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

38. Команда жетекшілеріне әскери командаларға бірге жүру құқығына сенімхаттар беріледі.

39. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жынын пункттерінде әскерге шақырылған азаматтар осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес атаулы тізім бойынша әскери команданың бастығына тапсырылады.

Атаулы тізім әрбір жөнелтілетін әскери командаға 4 данадан жасалады. № 1 және 2 даналар есептік-қызметтік карточкалармен, амбулаториялық науқастың медициналық карталарына қосымша параптартармен бірге, сондай-ақ әрбір әскерге шақырылушиға жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері әскери команданың бастығына беріледі. Тізімнің № 3 данасы әскери команда бастығының әскерге шақырылушиларды қабылдағаны туралы қолхатымен қорғаныс істері жөніндегі департаментте қалады. Тізімнің № 4 данасы әскери билеттерді беру ведомосымен бірге тігіледі.

**Ескерту. 39-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

39-1. Медициналық комиссиядан өту кезеңінде мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын әскерге шақырылушилардың жергілікті әскери басқару органдарына шақырту туралы шақыру қағазы болған кезде – жұмыс орны (лауазымы), жұмыс орны бойынша жалақысы сақталады, ал мерзімді әскери қызметті өткеру кезеңінде жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

**Ескерту. 2-тaraу 39-1--тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 11.09.2020 № 571 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

39-2. Әскери бөлімдер (мекемелер) талап ету орны бойынша ұсыну үшін мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілеріне осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызметшінің қызмет орнынан мәліметтер береді.

**Ескерту. 2-тaraу 39-2-tармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

39-3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борыш пен сыйақы төлемдері мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі 60 күнді қамтитын кезеңге кейінге қалдырылады, қарыз және (немесе) микрокредит бойынша сыйақы есепке жазылмайды.

**Ескерту. 2-тaraу 39-3-tармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 20.08.2024 № 673 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін, бірақ ерте дегенде 20.08.2024 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

40. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарды тасымалдауға арналған шығыстарды өтеуді олар ұсынған шоттар бойынша тиісті мемлекеттік органға республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде тікелей тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар жүргізеді.

41. Команда жетекшілері тағайындалған жерге келгеннен кейін жеке құрамды атаулы тізім мен есептік-қызметтік карточкалар бойынша қабылдау пункттерінің бастықтарына тапсырады. Осымен бір уақытта тиісті бастықтарға әскери тәртіптің жай-күйі туралы және жол жүрудегі оны бұзудың барлық жағдайлары туралы баяндайды.

Қабылдау пункттерінде тізімнің бірінші данасында 8-бағанда әрбір әскерге шақырылушиның тегінің тұсына қашан және қандай әскери бөлімге (мекемеге) (орналасу пунктін көрсетпей, әскери бөлімнің (мекеменің) шартты нөмірі) мерзімді әскери қызмет өткеруге жіберілгені туралы белгі қойылады. Тізімнің осы данасы әскерге шақырылушыларды қабылдау аяқталғаннан кейін командирлердің (бастықтардың) өкімімен қабылдау пункті құрылған әскери бөлімге (мекемеге) беріледі. Келгендерді қабылдау туралы белгісі бар, елтаңбалы мөрмен расталған екінші данасы жаңадан келгендерді жіберген қорғаныс істері жөніндегі департаментке жіберіледі.

**Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **3-тaraу. Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және оны жүргізу тәртібі**

42. Запастағы офицерлерді офицерлер құрамының лауазымдарына әскери қызметке шақыру Заңның 32-бабына сәйкес жүргізіледі.

43. Запастағы офицерлерді әскерге шақыру үшін іріктеу жүргізілген кезде іріктеу жөніндегі комиссиялардың құрамына офицерлермен жасақтау көзделетін әскери бөлімдердің (мекемелердің) өкілдері қосылады.

**Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

44. Жергілікті әскери басқару органының бастығы әскери бөлімнің (мекеменің) өкілімен бірлесіп, әскерге шақырылуға жататын запастағы офицерлерді зерделеу және іріктеу жөніндегі жұмысты жүргізеді.

45. Запастағы офицер әскерге шақырылатын Қарулы Күштер түрлерінің бас қолбасшылары, әскер тектерінің, өңірлік қолбасшылықтардың қолбасшылары, әскери бөлімдердің командирлері, мекемелердің бастықтары:

1) әскерге шақырылуға кандидатты алдын ала зерделеу және іріктеу үшін қажетті білім деңгейі және қызмет тәжірибесі бар офицерлер қатарынан өкілдерді тағайындауды;

2) ірікте алынған кандидаттармен әңгімелеседі не денсаулық жағдайына, моральдық-іскерлік қасиеттеріне, отбасы жағдайына айырықша назар аудара отырып, мінездемелік құжаттар бойынша зерделейді, кәсіптік даярлық деңгейін айқындау үшін жалпы сауалнама өткізеді;

3) әңгімелесуді өткізу нәтижелері бойынша іріктелген кандидатпен зерделеу парағын ресімдейді;

4) бұл ретте аумақтық жасақтау қағидатын ескере отырып, запастағы офицерлерді одан әрі әскери қызметте пайдалану үшін әскери лауазымдар бойынша алдын ала бөлуді жоспарлайды;

5) әскери бөлімнің (мекеменің) тәрбие құрылымының командирлерімен (бастықтарымен), офицерлерімен запастан әскерге шақырылған офицерлермен жұмыс жүргізу нысандары мен әдістері бойынша сабактар (нұсқау беруді) өткізеді.

**Ескерту. 45-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

46. Әскерге шақыру үшін іріктелген кандидаттарға материалдарды ресімдеу тек Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген лауазымды адамдар зерделегеннен кейін жүргізіледі.

47. Запастағы офицерлер қатарынан іріктелген кандидаттар әскери қызметке жарамдылық деңгейін айқындау үшін медициналық куәландыруға жіберіледі.

Кандидаттарды іріктеуді жүзеге асыратын лауазымды адам медициналық тексеру карталарының, жеке істердің және басқа да әскерге шақыру құжаттарының толық әрі сапалы толтырылуын тексереді. Жергілікті әскери басқару органының бастығы арнайы тексеру жүргізу үшін тиісті органдарға сұрау салуларды ресімдейді.

Кандидаттың әскери қызметке жарамдылығы туралы шешім медициналық куәландыру және арнайы тексеруді жүзеге асыратын тиісті органдар жауптарының нәтижелері бойынша қабылданады.

Ескерту. 47-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

48. Әскери бөлімдердің (мекемелердің) лауазымды адамдары ірікте алған және әскери қызметке шақыруға жарамды кандидаттардың тізімдері тиісті командирмен (бастықпен) келісілгеннен кейін жергілікті әскери басқару органдарына жіберіледі.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

49. Запастағы офицерлерді әскерге шақыру кезінде жергілікті әскери басқару органдарының бастығы мынадай құжаттарды ресімдейді және ұсынады:

- 1) қызметтік картаны;
- 2) жеке істі;
- 3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесін;
- 4) әскерге шақыруға кандидатты зерделеу парағын;
- 5) медициналық куәландыру картасын және "Психиатрия" мен "Наркология" психикалық денсаулық орталықтарынан мәліметтерді және "Фтизиатрия" фтизиопульмонология орталықтарынан мәліметтерді, флюорографияны, ЭКГ, несеп пен қанның жалпы талдауын, RW-ға (Вассерман реакциясы) және АКТҚ инфекциясына қанды талдау нәтижесін;
- 6) ішкі істер органдарынан әкімшілік құқық бұзушылықтың болмауы туралы мәліметті;
- 7) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінен радикалды сипаттағы діни ұйымдарға және экстремизмге ықтимал қатыстырылғы, өзге де беделін түсіретін материалдардың болуы түрғысынан мәліметті;
- 8) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінен әскери қызметке кіруге кедергі келтіретін сотталғандығы туралы мәліметтердің болмауы туралы мәліметті.

9) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 49-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

50. Құрылымында әскери қызмет өткери көзделген уәкілетті органның басшысы офицерлер лауазымдарына әскерге шақырылуға жататын запастағы офицерлерге жергілікті әскери басқару органдарынан ұсынылған материалдар бойынша жеке құрам бойынша әскерге шақыру туралы бүйрық шығарады.

51. Запастағы офицерлерді әскерге шақыру туралы жеке құрам бойынша бүйрықтардан үзінділер тиісті әскери бөлімдер (мекемелер) мен жергілікті әскери басқару органдарына жолданады.

52. Әскери бөлімнің (мекеменің) командирі жеке құрам бойынша бүйрықтан үзіндіні алған сәттен бастап жергілікті әскери басқару органдарына сұрау салуды жолдай отырып, запастан әскерге шақырылған офицерлердің келуіне бақылауды жүзеге асырады, қызмет орнына кету мерзімдерін нақтылайды.

53. Әскерге шақырылған офицердің жеке ісі алдын ала белгіленген тәртіппен әскери қызмет орнына кетуі туралы нұсқаманы бергенге дейін жолданады.

54. Жергілікті әскери басқару органының бастығы әскерге шақырылған офицерге нұсқаманы береді және оның әскери бөлімге (мекемеге) кетуіне бақылауды жүзеге асырады. Офицерлердің әскери бөлімге келуін жергілікті әскери басқару органының бастығы және әскери бөлімнің командирі бақылайды.

55. Әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) офицерлер әскери бөлімге (мекемеге) келгеннен кейін әскери бөлімнің (мекеменің) жеке құрамының тізіміне қабылдау туралы бүйрық шығарады және ризықтың барлық түріне тіркейді, баяндауды жүзеге асырады, жергілікті әскери басқару органын хабардар етеді және офицерлердің есептік деректерін нақтылауды жүргізеді.

**Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

56. Запастан әскерге шақырылған офицерлер әскери бөлімдерге (мекемелерге) келгеннен кейін командир (бастық) мынадай нұсқаулар береді:

1) әлеуметтік-демографиялық деректерін, бейімін, қабілеті мен даярлық деңгейін зерделеу мақсатында әңгімелесу өткізу туралы;

2) взвод (рота) өмірінің, тұрмысының және жауынгерлік оқу-жаттығудың барлық ерекшеліктерімен, техника мен қару-жарақтың жай-күйімен таныстыру туралы, бөлімше алдында тұрған негізгі міндеттерді жеткізеді;

3) кейіннен сынақтар тапсырумен функционалдық міндеттерін, жауынгерлік даярлықты ұйымдастыруды, қару-жарақ пен техниканы пайдалануды регламенттейтін басшылық құжаттарды зерделей отырып, жиындар өткізу туралы;

4) оқу пәндері бойынша нұсқаулық-әдістемелік сабактар өткізу туралы;

5) атыстан, жауынгерлік машиналарды жүргізуден, техниканы пайдалану мен оған қызмет көрсету кезінде нормативтерді орындаудан бақылау сабактарын өткізу туралы;

6) даярланған офицерлер қатарынан тәлімгерлерді бекітіп беру, қалыптасуда, тұрмыстық-элеуметтік проблемаларды шешуге көмек көрсету туралы;

7) тұрғын үй заннамасына сәйкес тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы;

8) қызмет орнына үй заттарын жеткізуде, әйелдерін жұмысқа орналастыру, балаларын мектеп жасына дейінгі мекемелер мен мектептерге орналастыру мәселелерін шешуде көмек көрсету туралы.

Офицер қызмет орнына келмеген жағдайда Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері тұрлерінің және әскер тектерінің, өнірлік қолбасшылықтар мен әскери бөлімдердің (мекемелердің) кадр бөлімшелері себептерін нақтылайды және облыстардың қорғаныс істері департаменттеріне офицердің есептік деректері, жеке құрам бойынша бұйрықтың нөмірі көрсетілген сұрау салу жібереді.

Нақтылаудан кейін әскери полиция органдарымен бірлесіп, іздестіру іс-шараларын жүргізеді, қабылданған шараларды көрсете отырып, әскерге шақырылған офицерлердің белгіленген мерзімдерде келмегені туралы жоғары тұрған кадрлар органына баяндауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

#### **4-тaraу. Әскери жиындарға шақыруды ұйымдастыру және оны өткізу тәртібі**

57. Әскери жиындардың негізгі мақсаттары бейбіт уақытта қысқартылған құрамда ұсталатын әскери бөлімдердің (мекемелердің) жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін арттыру, соғыс уақытында жасақтау аудандарында жұмылдыру және жасақтау кезінде Қазақстан Республикасының Қарулы Құштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын өрістетуге қажетті әскери оқытылған ресурсты даярлау және запаста жинау болып табылады.

**Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

58. Әскери міндеттілер әскери жиындарға Заңның 33-бабына сәйкес шақырылады.

**Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

59. Әскери жиындар өткізу жөніндегі нақты міндеттерді жыл сайын:

1) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінде – Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің Бас штабы;

2) жергілікті атқарушы органдарда (аумақтық қорғанысты дайындау жөніндегі) – жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы айқындейді.

**Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

60. Әскери міндеттілерді даярлау сипаты мен мақсаттары бойынша әскери жындар мынадай тұрлерге бөлінеді:

- 1) оқу-жаттығу жындары;
- 2) арнайы жындар;
- 3) тексеру жындары.

61. Тіркелген құрамның оқу-жаттығу жындарында:

жұмылдыру мақсатына сәйкес міндеттерді шешу үшін запастағы офицерлерді, сержанттар мен сарбаздарды даярлау;

соғыс уақытының ұйымы мен штатына жақындастылған жағдайларда есептоптарды, бөлімшелерді, әскери бөлімдер (мекемелер) мен құрамаларды жауынгерлік шоғырландыру;

жұмылдыру жоспарларымен көзделген жекелеген іс-шараларды тексеру жүргізіледі.

**Ескерту. 61-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

62. Әскери міндеттілерді даярлау, қайта даярлау және әскери білімдерін жетілдіру жөніндегі оқу-жаттығу жындарында:

- 1) запастағы офицерлерді жоғары лауазымдарға даярлау;
- 2) запастағы сержанттар мен сарбаздар қатарынан запастағы офицерлерді даярлау;
- 3) жұмылдыру жоспары бойынша әскери міндеттілердің әскери білімін жетілдіру және қару-жарақ пен техниканың жаңа тұрлеріне, сондай-ақ Қарулы Күштерді жасақтау үшін қажетті басқа да мамандықтарға даярлау жүргізіледі.

63. Қару-жараққа, техникаға және жұмсалмайтын қор мен ұзақ сақталатын қордағы мүлікке қызмет көрсету жөніндегі оқу-жаттығу жындарында әскери міндеттілердің қызмет көрсетілетін техниканы зерделеуі, сондай-ақ оларды пайдалану мен жауынгерлік қолдану жөніндегі іс жүзіндегі дағдыларға баулу жүргізіледі.

64. Тексеру жындарында жұмылдыру жоспарына сәйкес әскери бөлімдерге (мекемелерге) тіркелген әскери міндеттілермен олардың әскери даярлығы мен практикалық дағдысын талап етілетін деңгейде ұстau жөніндегі сабактар, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа тұрлерінде оларды жауынгерлік қолдану, жүргізу және қызмет көрсету бойынша өздерінің міндеттерін орындау жөніндегі жаттығулар өткізіледі.

**Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

65. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери жиындарды жалпы жоспарлауды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелері үшін жетіспейтін мамандарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бекітken әскери жиындарға шақырылуға жататын әскери міндептілердің жыл сайынғы саны негізінде жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдарда аумактық қорғанысты дайындау бойынша әскери жиындарды жоспарлауды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша жүзеге асырады.

**Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

66. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері, әскер тектері немесе қызмет бойынша әскери жиындар өткізу жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы белгілейтін бақылау тапсырмалары негізінде тиісті штабтар мен басқармалар әзірлейді. Ұсыныстарда жиын түрі, оның өткізілетін орны мен мерзімі, әрбір мамандық және жиынға өрістету үшін жоспарланатын нақты құрама, әскери бөлім (мекеме) бөлінісінде жиынға шақырылуға тиіс әскери міндептілердің саны көрсетіледі.

Режимдік бөлімдерде (мекемелерде), сондай-ақ әскери міндептілер ерекше маңызды жұмыстармен, өте құпия және құпия техникамен және құжаттармен байланысты болатын әскери бөлімдерде (мекемелерде) әскери жиын жоспарланатын болса, ұсыныстарда осы әскери бөлімдерге (мекемелерге) жиынға шақырылатын әскери міндептілердің рұқсатнама нысандары көрсетіледі. Әскери міндептілер үшін рұқсатнама нысаны мерзімді әскери қызметтің және келісімшарт бойынша әскери қызметтің әскери қызметшілеріне арналған үлгідегідей айқындалады.

Ұсыныстардың офицерлер құрамын даярлауға, сондай-ақ тікелей штабтар мен басқармаларға бағындыты емес әскери бөлімдердің (мекемелердің), құрамалар мен әскери оқу орындарының базасында мамандар даярлауға қатысты бөлімдері тиісінше Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кадр және ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаменттерімен келісіледі.

Тиісті штабтармен және басқармалармен әскери жиындарды жоспарлау жөніндегі келісілген ұсыныстар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабына жыл сайын 15 қаңтарда ұсынылады.

**Ескерту. 66-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

67. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының нұсқаулары және әскери жиын өткізудің жалпы жоспары негізінде штабтар:

- 1) бағынысты әскери бөлімдердің (мекемелердің) әскери жиын өткізу жоспарларын;
- 2) бағынысты әскери бөлімдерде (мекемелерде) әскери міндеттілердің әскери жиынын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша әскерлердің жұмылдыру даярлығы жөніндегі іс-шаралар ескерілген, алдағы оқу жылына арналған оқу бағдарламаларын, әдістемелік ұсыныстар мен қажетті нұсқауларды;
- 3) жиынды материалдық және қаржылай қамтамасыз етуді жоспарлау үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен келісілген әскери міндеттілердің саны және оларды әскери бөлімнің (мекеменің) әскери жиынына тарту мерзімі туралы деректерді;
- 4) әскери бөлімдер (мекемелер) үшін әскери жиын өткізудің мамандықтар бойынша әскери міндеттілерді шақыру мөлшері, жиын өткізілетін мерзім, сондай-ақ жиынды материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оқу-жаттығу алаңдарын, атыс орындарын бөлу мен мемлекеттік және әскери құпияларды сақтау жөніндегі іс-шаралар көрсетілген жоспарларын әзірлейді.

Әскери жиында әскери міндеттілерді даярлаудың жиынтық жоспары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабына жыл сайын 1 ақпанға қарай ұсынылады

Әскери жиын жоспарларында әскери бөлімдерді (мекемелерді) өрістету басталғанға дейін 10 күн бұрын запастағы офицерлерді тіркелген құрамның оқу-жаттығу жиынына шақыру көзделеді. Әскери міндеттілер техникалық қызмет көрсету бөлімшелері мен әскери бөлімдеріне жиындарды қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде шақырылады.

**Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

68. Қазақстан Республикасы бойынша жиынтық жоспарды әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары құрамаларының, әскери бөлімдерінің (мекемелерінің) штабтары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабына жыл сайын 1 ақпанға дейін қажетті есеп-қисаптарды ұсынады.

**Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

69. Облыстардың (респубикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) қорғаныс істері департаменттеріне әскери бөлімдердегі (мекемелердегі) әскери

жындарға әскери міндettілерді шақыруға нұсқаулар мен нарядтарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Bas штабы береді.

**Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

70. Әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлері (бастықтары) мен қорғаныс істері департаменттерінің бастықтары алдағы жылды әскери жынға әскери міндettілерді шақырудың және техника жеткізудің мерзімі мен мөлшері туралы деректерді облыстар (республикалық маңызы бар қала немесе астана) әкімдерінің назарына жеткізеді.

**Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

71. Әскери міндettілерді әскери жынға шақыруды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Bas штабының нұсқаулары мен нарядтары негізінде қорғаныс істері департаменттері (басқармалары мен бөлімдері) жүргізеді. Жынға бірінші кезекте жұмылдыру жоспары бойынша әскери бөлімдерге (мекемелерге) тағайындалған әскери міндettілер шақырылады.

**Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

72. Қорғаныс істері департаменттері (басқармалары, бөлімдері) әскери міндettілерді іріктеудің сапасына, әскери жынға уақтылы жөнелтүге және нарядтардың толық орындалуына жауапты болады. Әскери жынға әскери міндettілерді іріктеуді қорғаныс істері департаменттері (басқармалары, бөлімдері) ресурс дайындалатын әскери бөлімдердің (мекемелердің) тиісті командирлерімен (бастықтарымен) бірлесіп жүргізеді.

**Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

73. Денсаулық жағдайы, отбасы жағдайлары және басқа да себептер бойынша әскери жындардан етуден босатылатын әскери міндettілер тиісті мамандықтар бойынша жындардан өту талаптарына жауап беретін бос ресурстардағы әскери міндettілермен ауыстырылады.

74. Әскери міндettілерді даярлау және тапшы мамандықтар бойынша олардың әскери білімдерін жетілдіру жөніндегі әскери жындарға:

1) әскери білімдерін жетілдіру үшін - басым көшілігі жоғарғы кәсіптік білім беру үйімдарында әскери даярлықтан өткен және офицерлер лауазымдарында армияда қызмет өткермеген запастағы офицерлер, сондай-ақ теориялық және іс жүзіндегі әскери

даярлығы төмен запастағы офицерлер. Жоғары лауазымдарға даярлау үшін әскери даярлығы жақсы және әскерлерде іс жүзінде жұмыс тәжірибесі бар запастағы офицерлер шақырылады;

2) запастағы сержанттар мен сарбаздардан офицерлер даярлау үшін:

командалық бейіні бойынша - жоғары немесе орта арнаулы білімі бар, тиісті мамандықтар бойынша әскер тектерінде әскери қызмет өткерген және денсаулық жағдайы, іскерлік пен моральдық қасиеттері бойынша белгіленген талаптарға жауап беретін 30 жасқа дейінгі запастағы сержанттар мен сарбаздар;

инженерлік-техникалық және басқа бейіндер бойынша - әскери даярлық бейініне жақын жоғары немесе арнаулы орта білімі бар немесе осы бейін бойынша әскери қызметтік тәжірибесі бар, денсаулық жағдайы бойынша жарамды және іскерлік пен моральдық қасиеттері бойынша талаптарға жауап беретін 35 жасқа дейінгі сержанттар мен сарбаздар;

3) әскери міндеттілерді жаңа және тапшы мамандықтар бойынша даярлау және қайта даярлау үшін - әскериге жақын азаматтық мамандықтары бар және тиісті жалпы немесе орта білімі бар 1-разрядты запастағы офицерлер, сержанттар, старшиналар, сарбаздар мен матростар шақырылады.

Тапшы мамандықтар бойынша даярлау мен жетілдіру жөніндегі әскери жиындарға жіберу үшін әскери міндеттілерді алдын ала іріктеу мен зерделеу қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) шақырусыз дербес есепке алу деректері бойынша алдын ала жүргізіледі.

Денсаулық жағдайы немесе басқа да себептер бойынша жекелеген адамдарды жиындардан өтуден босатқан жағдайда кандидаттарды белгіленген санынан асырып іріктеу жүргізіледі.

Режимдік бөлімдерде жиындардан ету үшін, сондай-ақ батальон (дивизион) командирлері орынбасарларының және оларға сәйкес әрі одан жоғары лауазымдар бойынша даярлау үшін кандидаттар болып іріктелген запастағы офицерлерді облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы жеке өзі қарайды және бекітеді.

75. Әскери барлау мамандықтары бойынша даярлау үшін әскери жиындарға запастағы офицерлерді, сержанттар мен сарбаздарды шақыру құрама штабтарының атаулы тізімдері бойынша жүргізіледі.

76. Әскери жиындарға тапшы мамандықтар бойынша даярлау және әскери білімдерін жетілдіру үшін денсаулық жағдайы бойынша тиісті әскер тектерінде (қызметте) және белгілі лауазымдардағы қызметке жарамды әскери міндеттілер жіберіледі, ол үшін жиынға жөнелту алдында олар міндетті түрде аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) және облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссияларының медициналық комиссияларымен медициналық куәландаудан өтеді.

Тіркелген құрамды жиынға жіберген кезде денсаулық жағдайына шағым білдірген әскери міндеттілер, сондай-ақ десанттық-шабуылдау әскерлері әскери бөлімдерінің, авиацияның ұшу-көтерілу және сұнгуір лауазымдарының тіркелген құрамының жиыннына жіберілетін адамдар ғана медициналық тексеруден өтеді.

Ұшқыш-көтерілу құрамы дәрігерлік-ұшқыштар комиссияларында медициналық тексерілуге жатады.

Медициналық тексеру нәтижелері тиісті әскери-дәрігерлік комиссиялардың анықтамалары салынатын запастағы офицерлердің жеке істерінде көрсетіледі. Запастағы сержанттар мен сарбаздардың ілеспе атаулы тізімдеріндегі "Ескертпе" бағанында арнайы белгілер қойылады.

**Ескерту. 76-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

76-1. Әскери жиындарға шақырылуға жататын әскери міндеттілердің медициналық комиссиядан өту кезеңінде жергілікті әскери басқару органдарына шақыру туралы шақыру қағазы болған кезде – жұмыс орны (лауазымы), жұмыс орны бойынша жалақысы сақталады.

**Ескерту. 4-тaraу 76-1--тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 11.09.2020 № 571 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

77. Рұқсатнама талап етілетін режимдік және басқа да бөлімдерге, мекемелер мен әскери оқу орындарына әскери жиындарға жіберілуге жататын әскери міндеттілердің кандидатуралары Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісіледі.

Келісу туралы деректер белгіленген тәртіппен әскери міндеттілердің әскери билеттеріне, жеке істері мен басқа да әскери-есептік құжаттарына енгізіледі, олар әскери жиындарға шақырылғандарды ерекше маңызды, өте құпия және құпия жұмыстарға, техникаға және құжаттарға рұқсат ету үшін негіз болып табылады.

Егер әскери міндеттінің әскери билетінде Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының рұқсаты (келісімі) туралы тиісті белгісі болса және оны қолдану мерзімі аяқталмаған болса, режимдік бөлімдерде жиындардан өту құқығына құжаттарды қайтадан ресімдеу жүргізілмейді.

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының рұқсаты (келісімі) жоқ әскери міндеттілер рұқсатнама талап етілетін режимдік және басқа да бөлімдерге, мекемелер мен әскери оқу орындарына әскери жиындарға жіберілмейді.

78. Тапшы мамандарды даярлау бойынша әскери жиынға шақыру үшін әскери міндеттілерді, ірікте алынған кандидаттарды, сондай-ақ тіркелген құрамның жиыннына шақыру үшін запастағы офицерлерді хабардар ету есептік деректерді тексеру және

медициналық қуәландырудан өткізу мақсатында алдын ала жүргізіледі, кейіннен оларға жөнелтуге келу мерзімі және жиын ұзақтығы көрсетілген белгіленген үлгідегі шақырту қағаздары тапсырылады. Кәсіпорын басшысына жолданатын хабарламада әскери міндеттілердің әскери жиында болу мерзімі, жиында болу уақыты және әскери бөлімге (мекемеге) дейін және жиыннан қайтарда жолға кететін уақыт ескеріліп көрсетіледі.

Запастағы сержанттар мен сарбаздарды тіркелген құрамның әскери жиындарына шақыру туралы хабардар ету жұмылдыру жоспарында көзделген мерзімде және тәртіппен жүргізіледі.

**Ескерту. 78-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

79. Әскери міндеттілерді әскери жиындарға жіберуді жергілікті әскери басқару органдары алынған нарядтарға сәйкес ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Жұмылдыру жоспарларының жекелеген іс-шараларын тексеру мақсатында әскери міндеттілерді тіркелген құрамның әскери жиындарына шақыру және жөнелту жұмылдыру жоспарларының есептеріне сәйкес жасалған, арнайы әзірленген құжаттар бойынша жұмылдыру терминдерін көрсетпей жүргізіледі. Запастағы сержанттар мен сарбаздар осы жиындарға көрсетілген есептерде көзделген мерзімде және тәртіппен, ал запастағы офицерлер, егер олар алдын ала шақырылса - таңдау тәртібінде жөнелтіледі.

Тапшы мамандықтар бойынша жетілдіру және даярлау үшін әскери жиынға шақырылған әскери міндеттілер әскери бөлімдерге (мекемелерге) олардың жиын өткізілетін жерге сабак басталғанға дейін бір күн бұрын жетуі есебімен жөнелтіледі.

Осы әскери міндеттілерді жиындарға және кері тасымалдау теміржол немесе автомобиль көлігінде, ал олар болмаған жекелеген участеклерде - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қаражаты есебінен әуе көлігінде жүргізілуге тиіс.

**Ескерту. 79-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

80. Тапшы мамандарды даярлау бойынша әскери жиыннан өту үшін шақырылған әскери міндеттілерге жергілікті әскери басқару органдары әскери бөлімдер (мекемелер) командирлеріне (бастықтарына):

- 1) запастағы офицерлерге - атаулы тізімді және жеке істерді;
- 2) запастағы сержанттар мен сарбаздарға - атаулы тізімді;
- 3) ұшқыштар құрамына - атаулы тізімді, жеке істерді, ұшқыштар және медициналық кітапшаларды жолдайды.

Атаулы тізімдер, ұшқыштар және медициналық кітапшалар мөр қойылған түрде команда жетекшісіне қол қойғызып беріледі. Ұшқыштар кітапшалары жоқ адамдар ұшқыштар құрамын даярлау жөніндегі әскери жиындарға шақырылмайды.

**Ескерту. 80-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

81. Эскери жиынға жіберілетін запастағы офицерлердің жеке істері құпия поштамен жіберіледі, режимдік бөлімдер мен мекемелерге атаулы тізімдер, ұшу кітапшалары мен медициналық кітапшалар да құпия поштамен оларды әскери бөлімдер (мекемелер) жиын басталғанға дейін екі күн бұрын алатындағы есеппен жіберіледі.

**Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

82. Ерекше режимдік бөлімдер мен мекемелерге жиынға жеке өзі немесе команда құрамында жіберілетін әскери міндеттілерге нұсқамалар режимдік әскери бөлімдер мен мекемелер үшін белгіленген тәртіппен беріледі. Команда жетекшілеріне берілетін атаулы тізімдерде жиынға команда құрамында бара жатқан әскери міндеттілердің тегі, аты, экесінің аты ғана көрсетіледі.

**Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

83. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери бөлімдеріне (мекемелеріне) оқу-жаттығу жиындарына әскери міндеттілерді шақыру қорғаныс істері департаменттеріне олар жиын басталғанға дейін бір ай бұрын жіберетін дербес тізімдер (сандық өтінімдер) бойынша жүргізіледі.

**Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

84. Әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілердің жауынгерлік даярлығы әдістемелік нұсқауларға және жиындар бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі. Тіркелген құрамды және армия үшін тапшы мамандарды даярлау жөніндегі әскери жиындардағы барлық оқу уақыты жауынгерлік даярлық бағдарламаларына сәйкес әскери міндеттілердің әскери және арнаулы білімдерін арттыруға пайдаланылады. Техникаға қызмет көрсету жөніндегі жиындарда оқу уақытының 25 пайзы әскери міндеттілердің жауынгерлік даярлығына, қалғаны - техниканы күтіп ұстау және оған қызмет көрсету жұмыстарына бөлінеді.

85. Әскери жиын өткізілетін әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлері (бастықтары) запастағы офицерлерді, сержанттар мен сарбаздарды жауынгерлік даярлаудың ұйымдастырылуы мен өткізуінің сапасына, жиынның уақтылы әрі толық материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне, оқу-жаттығу базасын дайындауға, әскери міндеттілерді қабылдау мен жиыннан шығарып салуды ұйымдастыруға жауапты болады. Құпия жұмысты жүргізу және құпия құжаттардың, техника мен қару-жараптың

сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасауға ерекше назар аударылуға тиіс. Әскери міндептілердің назарына құпия құжаттарды, техника мен қару-жарақты сақтау және олармен жұмыс істеу, жеке хат алмасуды жүргізу тәртібі мен мемлекеттік және әскери құпияның сақталуы үшін дербес жауапкершілік, жеке блокноттарында құпия жазу, сурет, есеп-қисап салуға және әскери объектілер мен құпия техниканың фото-кинотүсірліміне жол бермеу жөніндегі негізгі талаптар жеткізілуге тиіс.

**Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

86. Бөлімдердің (мекемелердің) командирлері (бастықтары) әскери жын өткізуге тапсырма алған кезде:

1) алдын ала жындар бастығын тағайындауды және жауынгерлік даярлықты үйімдастыру мен өткізуден тәжірибелері мен білімдері бар даярланған офицерлер мен сержанттарды оларды осы уақытта басқа міндептерден босатып бөледі;

2) жындар басталардан кемінде екі ай бұрын құрамалар штабтарының тиісті бастықтарына әскери міндептілердің әскери жындарын толық қамтамасыз ету үшін қажетті жетіспейтін қару-жараққа, оқ-дәрілерге, техника мен әскери мүлікке өтінімдерді ұсынады;

3) жындар басталардан бір апта бұрын оқу бағдарламасына және сағаттар есебіне сәйкес әскери міндептілермен сабактардың кестесін жасайды және бекітеді;

4) жындар басталардан екі-үш күн бұрын әскери міндептілерді оқытуға тағайындалған офицерлермен және сержанттармен нұсқаулық-әдістемелік сабактарды жүргізеді;

5) қару-жарақтың, техниканың, оқу және көрнекі құралдардың қажетті санын бөледі және оларды жынға бекітеді;

6) әскери міндептілерді орналастыру үшін үй-жайларды және киім-кешек пен аяқ киімнің қажетті санын алдын ала дайындауды;

7) әскери жындарға келген әскери міндептілердің жеке заттарын қабылдауды үйімдастырады;

8) әскери жындарға взвод және бөлімшелер командирлерінің бос лауазымдарында тағылымдамадан ету үшін шақырылған запастағы офицерлермен лауазымға тағайында алдында және тағылымдама барысында жүйелі түрде нұсқаулық-әдістемелік сабактарды өткізеді.

**Ескерту. 86-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

87. Әскери міндептілермен оқу процесі әскери жын өткізетін әскери бөлімдердің (мекемелердің) қарулануында тұрған әскери техника мен қару пайдаланылып үйімдастырылады.

**Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

88. Әскери жиында әскери міндептілердің оқу-жаттығу сабактарының ұзақтығы кадрлар құрамына, олар жиында жүрген әскери бөлімдер (мекемелер) мен әскери оқу орындары үшін белгіленгенмен бірдей болады.

**Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

89. Жиынға шақырылған барлық әскери міндептілер казармалық жағдайда болады. Оларды әскери бөлім (мекеме) орналасқан жерден босатуды рота командирлері (жиын бастықтары) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ішкі қызмет жарғысында белгіленген тәртіппен жүргізеді. Әскери және қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін, қылмыс жасағаны үшін, сондай-ақ мемлекетке келтірген материалдық зиян үшін әскери жиынға шақырылған әскери міндептілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

**Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

90. Әскери міндептілерді әртүрлі шаруашылық және құрылыш жұмыстарына және жиындардан өтуге қатысы жоқ қызмет өткеруге тартуға жол берілмейді.

91. Тіркелген құрамның әскери жиындарын өткізу кезінде әскери бөлімдердің нақты нөмірлері мен атауларын, өрістетілетін және құрылатын бөлімдер үшін белгіленген соғыс уақыты далалық пошталарының нөмірін, сондай-ақ жұмылдыру жоспарының түпнұсқа құжаттарын пайдалануға қатаң тыйым салынады. Әскери жиындар кезеңінде ресми құжаттарда және хат алмасуда әскери бөлімдер тек бейбіт уақытта оларға берілген шартты атаулар бойынша аталаады. Әскери жиындар уақытына құрылатын бөлімдерге бейбіт уақытта әрекет ететін әскери бөлімдердің шартты литерлік нөмірлері беріледі.

92. Әскери жиындарға шақырылған және бұрын әскери ант қабылдамаған әскери міндептілер күнтізбелік бес күн ішінде әскери ант қабылдайды, ол туралы әскери билеттерінде тиісті белгілер жасалады.

93. Тапшы мамандарды даярлау бойынша әскери жиындар аяқталғаннан кейін әскери міндептілердің өткен бағдарламалық материалды менгеруіне тексеру жүргізіледі және даярлық дәрежесі туралы қорытынды шығарылады. Емтихандар (сынақтар) қабылдау үшін әскери бөлімдердің, мекемелер мен әскери оқу орындарының даярланған және тәжірибелі офицерлері қатарынан арнайы комиссиялар құрылады.

94. Әскери бөлімдер (мекемелер) командирлері (бастықтары) мен штабтары әскери жиын аяқталғаннан кейін:

1) запастағы офицерлерге, сондай-ақ офицерлер құрамына даярлықтан еткен запастағы сержанттар мен сарбаздарға жиындардың оқу бағдарламасын менгеру дәрежесі, әскери істі зерделеуге қатынасы және танытқан моральдық қасиеттері, офицердің соғыс уақытында тағайындалуы мүмкін лауазымы, ол бойынша есепке алынуға тиіс әскери-есептік мамандығы (егер офицер жаңа мамандық бойынша қайта даярлаудан өткен жағдайда), кезекті (алғашқы) әскери атақ беру мүмкіндігі көрсетілген мінездемелерді жасайды;

2) офицердің, сондай-ақ сержант пен сарбаздың жеке ісінде және әскери билетінің тиісті бөлімінде жиыннан өткені туралы белгі қойып, командирдің (бастықтың) (штаб бастығының) қолымен, әскери бөлімнің (мекеменің) мөрімен растайды;

3) әскери жиыннан (тапшы мамандықтар бойынша немесе тіркелген құрамның) сәтті еткен және тиісті лауазымдар бойынша қажетті даярлық алған (жиын мерзіміне қарамастан) запастағы сержанттар мен сарбаздарға атаулы тізім жасап, онда жиынның ұзақтығын, әскери-есептік мамандықтардың нөмірлерін және кейіннен оларды есепке алу орынды болатын лауазымдық біліктіліктерді көрсетеді (жиын өткені туралы әскери билеттің тиісті тармағында командирдің (бастықтың) (штаб бастығының) қолы қойылып, әскери бөлімнің (мекеменің) мөрімен расталған белгі қойылады);

4) жиындарда оқу бағдарламасын жетісті аяқтаған және кезекті әскери атақтар беруге лайықты запастағы сержанттар мен сарбаздарға әскери билетте тиісті жазба жасай отырып, әскери атақ береді және бұйрықтан үзінділерді шақырылған жері бойынша жергілікті әскери басқару органдарына жолдайды;

5) жиындарда пайдаланылған құпия материалдардың, техниканың, қару-жарақ пен жекелеген тораптардың, блоктардың, оларға бөлшектердің болуын тексереді;

6) әскери міндеттілерді әскери бөлімдерден (мекемелерден) салтанатты жағдайда үйымдастырылған түрде шығарып салуды жүргізеді, ал жиын бағдарламасын жақсы менгерген адамдарды көтермелейді;

7) әскери жиындардан өткен запастағы офицерлерге жеке істер мен мінездемелерді және запастағы сержанттар мен сарбаздарға атаулы тізімдерді он күн мерзімде әскери міндеттілердің есепке алынған жері бойынша жергілікті әскери басқару органдарына жолдайды.

**Ескерту. 94-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

95. Әскери жиындар кезеңінде әскери міндеттілердің жұмыс орны және атқаратын лауазымы сақталады, оларға:

1) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінде – тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қаражаты есебінен;

2) жергілікті атқарушы органдарда – тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен орташа жалақы, ал жұмыс істемейтін әскери міндептілерге ең төменгі жалақы төленеді.

**Ескерту. 95-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

96. Әскери жиындарға шақырылған әскери міндептілерді тамақтандыруды қамтамасыз ету және тұрғылықты жерлерінен жиындар өтетін пунктке дейін, сондай-ақ жиындар аяқталғаннан кейін тұрғылықты жерлеріне тасымалдау тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қаражаты есебінен жүргізіледі:

жергілікті әскери басқару органдары – жиын өткізетін әскери бөлімдер (мекемелер) орналасқан жерге дейін;

әскери бөлімдер (мекемелер) (жиын аяқталғаннан кейін) – әскери міндептілердің тұрғылықты жеріне дейін.

**Ескерту. 96-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

97. Әскери жиындарға шақырылған әскери міндептілер жиындар уақытында:

жиын өткізетін әскери бөлімдердің (мекемелердің) жеке құрамы үшін белгіленген үлес нормалары бойынша азық-түлікпен;

әскери міндептілердің тиісті санаттары үшін белгіленген нормалар бойынша заттай мүлікпен, әскери қызметшілермен бірдей ұйымдастырылатын медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 97-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

98. Офицерлер құрамына даярлау үшін жиындарға шақырылатын запастағы сержанттар мен сарбаздар запастағы сержанттар мен сарбаздар үшін белгіленген нормалар бойынша үлестің барлық түрлерімен қамтамасыз етіледі.

99. Әскери міндептілердің әскери жиындарын өткізу Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен тектерінің басқармалары, Қорғаныс министрлігі департаменттерінің, бас басқармалары мен басқармаларының бастықтары, өнірлік қолбасшылықтардың қолбасшылары мен құрамалардың командирлері жүзеге асыратын үдайы бақылауда болуға тиіс.

100. Тікелей әскери жиын өткізетін әскери бөлімдерде (мекемелерде) осы жиынды ұйымдастыру мен оның барысын тексеру бақылаудың негізгі түрі болып табылады.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі тексеру жүргізуді жоспарлап, тексеру қашан жүргізілетінін және оны кім, қандай мерзім ішінде, қандай өскери бөлімдерде (мекемелерде) жүргіzetінін айқындайды.

Жауынгерлік даярлықты тексеру және өскерлерді инспекциялау кезінде өскери міндеттілердің өскери жиындары міндетті турде тексерілуге тиіс.

**Ескерту. 100-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**5-тaraу. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында өскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі**

101. Азаматтарды жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында өскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының негізінде және Занда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

102. Запаста тұрған, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да өскерлері мен өскери құралымдарының және министрліктердің арнайы құралымдарының өскери бөлімдеріне тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтарын соғыс уақытының штаттарында көзделген өскери лауазымдарда өскери қызмет өткеру немесе оларды өскери бөлімдер (мекемелер) мен арнайы құралымдардың азаматтық персонал (жұмыскерлер) лауазымдарында жұмыс істеуге жіберу үшін жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында өскери қызметке шақыру деп мынадай іс-шаралар түсініледі:

- 1) жалпы немесе ішінара жұмылдыруды жариялау;
- 2) азаматтарды жалпы немесе ішінара жұмылдыруды өткізу туралы хабардар ету;
- 3) азаматтардың жергілікті өскери басқару органдарының алдын ала жиын пункттеріне (жиын пункттеріне) немесе тікелей өскери бөлімдер (мекемелер) мен арнайы құралымдарға келуі (жеткізілуі);
- 4) азаматтарды алдын ала жиын пункттерінен (жиын пункттерінен) өскери бөлімдер мен арнайы құралымдарға жеткізу;
- 5) азаматтарды өскери қызметке шақыру (жұмысқа жіберу) фактісін құжаттамалық ресімдеу.

**Ескерту. 102-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

103. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында өскери қызметке шақыру (жұмысқа жіберу) Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы", "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы", "Әскери

қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" заңдары және мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

104. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың), ауданның (қаланың, облыстық маңызы бар қаланың) аумағында жалпы немесе ішінара жұмылдыру жариялау туралы бұйрықтарды Қазақстан Республикасы Президентінің жалпы немесе ішінара жұмылдыру жариялау туралы Жарлығын орындау үшін және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тиісті бұйрығы негізінде жергілікті әскери басқару органдарының бастықтары шығарады.

105. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру (жұмысқа жіберу) әскери бөлімдер (мекемелер) мен арнайы құралымдардың оларды соғыс уақытының ұйымы мен құрылымына ауыстыруды көздейтін жұмылдыру жоспарларында белгіленген көлемде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

106. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылуға (жұмысқа жіберілуге) жататын азаматтардың келу мерзімдері мен орындары әскери бөлімдер (мекемелер) мен арнайы құралымдардың жұмылдыру жоспарларында айқындалады және азаматтарға берілетін жұмылдыру нұсқамаларында және дербес шақырту қағаздарында көрсетіледі.

107. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылуға (жұмысқа жіберілуге) жататын, сондай-ақ әскерге шақыру кейінге қалдырылған немесе әскерге шақыруға жатпайтын азаматтар санаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

108. Азаматтарды әскери бөлімдерге (мекемелерге) тіркеуді (арнайы құралымдарға тағайындауды) жергілікті әскери басқару органдары әскери бөлімдер (мекемелер) мен арнайы құралымдардың командирлерімен (бастықтарымен) өзара іс-қимыл жасай отырып ұйымдастырады.

Бейбіт уақытта әскери бөлімдерде (мекемелерде) және арнайы құралымдарда азаматтық персонал (жұмыскерлер) лауазымында жұмыс істейтін азаматтар осы әскери бөлімдерге бірінші кезекте тіркелуге (арнайы құралымдарға тағайындалуға) тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі Айрықша мақсаттағы құштерінің әскери бөлімдеріне бұрын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде қызмет өткерген азаматтар тіркеледі.

**Ескерту. 108-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

109. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке жоспарлы түрде шақыру (жұмысқа жіберу) туралы шешімді жергілікті әскери басқару органдары азаматтардың назарына жұмылдыру нұсқамаларын беру және олардың әскери билеттеріне бұл туралы тиісті белгі қою арқылы алдын ала жеткізеді. Әскери бөлімдерге (мекемелерге) тіркелген (арнайы құралымдарға тағайындалған) барлық азаматтарға, сондай-ақ жергілікті әскери басқару органдарын қүшету аппаратына тағайындалған азаматтарға тиісті жергілікті әскери басқару органдары дербес шақырту қағазын жазады. Жұмылдыру нұсқамаларына, дербес шақырту қағаздарына жергілікті әскери басқару органдарының бастықтары қол қояды және олар елтаңбалы мөрмен расталады.

Жұмылдыру нұсқамалары мен дербес шақырту қағаздары түрлерін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы белгілейді.

**Ескерту. 109-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

110. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақыруды (жұмыссыз жіберуді) жүзеге асыру үшін әрбір облыста (республикалық маңызы бар қалада немесе астанада), ауданда (қалада, облыстық маңызы бар қалада) жергілікті атқарушы органдардың шешімімен азаматтарды жұмылдыру жөніндегі әскерге шақыру комиссиялары құрылады.

111. Жұмылдыру жөніндегі әскерге шақыру комиссияларының дербес құрамы мен жұмыс тәртібі жергілікті атқарушы органдың шешімімен бекітіледі, осы комиссияның төрағасы болып жергілікті әскери басқару органдарының бастығы тағайындалады.

112. Комиссия мүшелерінің бірі болмай қалған жағдайда белгіленген тәртіппен оның резервтік құрамы бекітіледі.

113. Жергілікті атқарушы органдар жергілікті әскери басқару органдары арқылы азаматтарды жалпы немесе ішінәра жұмылдыру жүргізу және олардың алдын ала жиын пункттеріне келу қажеттігі туралы хабардар етуді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді. Хабардар етуге ұйымдардың лауазымды адамдары және жергілікті әскери басқару органдарының қүшету аппараттарына тағайындалған адамдар тартылады, бұл ретте техникалық байланыс құралдары мен хабаршылар пайдаланылады.

Занды тұлғалар азаматтарды жұмыс орындары бойынша хабардар ету үшін хабардар ету штабтарын құрады.

Жалпы немесе ішінәра жұмылдыру жүргізу туралы жергілікті әскери басқару органы бастығының бұйрығын тарату үшін жергілікті радио арқылы хабар тарату

желілерін, теледидарды, басқа да бұқаралық ақпарат құралдарын, оның ішінде электрондық құралдарды қолдану тәртібі бейбіт уақытта Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының шешімімен айқындалады.

Азаматтардың алдын ала жинау пункттеріне немесе тікелей әскери бөлімдер (мекемелер) мен арнайы құралымдарға келуі (жеткізілуі) жұмылдыру нұсқамалары және дербес шақырту қағаздары негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 113-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

114. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған (жұмысқа жіберілетін) азаматтарды тасымалдау үшін ең алдымен қоғамдық жолаушылар көлігі, қала маңы пойыздары мен кемелер пайдаланылады. Белгіленген тәртіппен ұйымдардың автокөлігі және әскери бөлімдер (мекемелер) мен арнайы құралымдарды жасақтау үшін азаматтардан алынған автокөлік тартылады.

Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған (жұмысқа жіберілген) азаматтар әскери бөлімдер (мекемелер) мен арнайы құралымдарға жаңадан келгендерді күтіп алу пункттеріне не жиын пункттеріне жіберіледі.

Алдын ала жинау пункттерінен шыққан кезде азаматтармен еріп жүру және оларды әскери бөлімдер (мекемелер) мен арнайы құралымдарға тапсыру үшін әрбір командаға әскери қызметке шақырылмайтын (жұмысқа жіберілмейтін), запастағы офицер, сержант және старшина әскери атақтары бар азаматтар қатарынан бастық тағайындалады.

Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған (жұмысқа жіберілген) азаматтарды әскери бөлімдерге (мекемелерге) және арнайы құралымдарға тапсыру әскери бөлімдер (мекемелер) мен арнайы құралымдардың жеке құрамын қабылдау пункттерінде немесе тікелей алдын ала жинау пункттерінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

115. Алдын ала жинау пункттері арқылы облыстан (респубикалық маңызы бар қалалардан немесе астанадан) тыс жерде орналасқан әскери бөлімдерге (мекемелерге) тіркелген (арнайы құралымдарға тағайындалған) азаматтарды жөнелту жүзеге асырылады.

**Ескерту. 115-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

116. Тікелей әскери бөлімдер (мекемелер) мен арнайы құралымдарға жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған (жұмысқа жіберілген):

1) әскери бөлімдер (мекемелер) және арнайы құралымдар соғыс уақытының үйымы мен құрылымына ауыстырылған кезде оларға бірінші кезектегі жұмыстарды орындауға тартылатын;

2) бейбіт уақытта әскери бөлімдер (мекемелер) мен арнайы құралымдарда азаматтық персонал (жұмыскер) штаттық лауазымында немесе жалдау (штаттық кесте) бойынша жұмыс істейтін және оларға тіркелген азаматтар жіберілуі мүмкін.

**Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

117. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылатын (жұмысқа жіберілетін), ауылдық жерлерде тұратын азаматтарды жинауды және оларды алдын ала жиын пункттерінде жеткізуді кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері (бұдан әрі – әкімдер) жүргізеді. Көрсетілген азаматтарды алдын ала жинау пункттеріне тапсыру әкімдер растаған атаулы тізімдер бойынша жүзеге асырылады. Атаулы тізімдермен бірге хабардар етілмеген азаматтарға олардың хабардар етілмеу себептері көрсетілген дербес шақырту қағаздары ұсынылады. Атаулы тізімдердің нысанын Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің Бас штабы белгілейді.

**Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

118. Азаматтарды жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақыруды және оларды жұмысқа жіберуді (оның ішінде ерікті түрде) жергілікті әскери басқару органдары жүзеге асырады.

**Ескерту. 118-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

119. Тиісті комиссиялар жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру (жұмысқа жіберу) үшін әскери бөлімдерге (мекемелерге) тіркелген (арнайы құралымдарға тағайындалған) азаматтарды денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп таныған жағдайда жұмылдыру нұсқамалары жоқ азаматтарды әскери қызметке шақыру (жұмысқа жіберу) жүзеге асырылады. Көрсетілген азаматтар әскери бөлімдер (мекемелер) мен арнайы құралымдарға оларды толық және сапалы жасақтау мақсатында жіберіледі.

**Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

120. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған (жұмысқа жіберілген) азаматтардың төлкүжаттары және өзге де құжаттары алынбайды.

121. Әскери есепке алу құжаттарында әскерге шақыру (жұмысқа қабылдау) фактісі ресімделгеннен кейін және азаматты әскери бөлім (мекеме) немесе арнайы құралым тізіміне енгізу және әскери лауазымға (азаматтық персонал (жұмыскер) лауазымына) тағайындау туралы бүйрыққа әскери бөлімнің (мекеменің) немесе арнайы құралымның командирі (бастығы) қол қойғаннан кейін азамат жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылды (жұмысқа қабылданды) деп есептеледі.

**Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

122. Ұйымдардың басшылары жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған (жұмысқа жіберілген) азаматтарды оларды жергілікті әскери басқару органдарынан алған хабарламалар негізінде белгіленген тәртіппен жұмыстан шығарады.

123. Жергілікті атқарушы органдар:

1) азаматтарды тіркеу және оларды әскери қызметке шақыру кезінде медициналық куәландырудан өткізуді;

2) алыс жергілікті жерлерде тұратын азаматтарды медициналық және әскерге шақыру комиссияларынан өту үшін және кері қарай жеткізуді, оларды әскери қызмет өткеру үшін жөнелтуді;

3) жабдықталған әскерге шақыру (жиын) пункттерімен, оларды ұстауды, қызмет көрсетуді, дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, өртке қарсы, медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, сондай-ақ байланыс және күзет құралдарымен жабдықтауды;

4) қызмет көрсететін персоналдың, медициналық және техникалық қызметкерлердің қажетті санын;

5) денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық комиссия тексеруге және емделуге жіберген әскерге шақырылушыларды орындармен;

6) медициналық комиссиялардың біліктілігін арттыру үшін дәрігер мамандардың мамандандырудан өтуін қамтамасыз етеді.

124. Ішкі істер органдары әскери қызметке шақырылудан жалтарып жүрген адамдарды іздестіруді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге (

мекемелерге) жөнелтілуі және олардан кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.07.2025 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

125. Соғыс уақыты жағдайларында жұмылдыруды жүргізу жоспарларын орындау үшін жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен хабардар ету штабтары немесе участеклері, әскери міндеттілерді және техниканы жинау пункттері құрылады.

126. Азаматтарды әскерге шақыру участеклеріне тіркеу жөніндегі комиссиялар, әскерге шақыру комиссиялары мүшелерінің, әскерге шақыру участеклері мен жиын пункттерінде, хабардар ету штабтарында, участеклерінде, әскери міндеттілерді алдын ала жинау пункттерінде және техниканы алдын ала жинау пункттерде жұмыс істей үшін іссапарға жіберілген медицина, техникалық қызметкерлердің, сондай-ақ қызмет көрсету персоналы адамдарының осы міндеттерді орындауды уақытында жұмыс орны, атқаратын лауазымы және еңбекақысы сақталады.

Егер көрсетілген адамдардың өз міндеттерін орындауды іссапарлармен байланысты болса, жергілікті атқарушы органдар оларға тұрғылықты жерінен жұмыс орнына баруға және кері қайтуға, тұрғын үй жалдауға жұмсаған шығыстарын, сондай-ақ іссапар шығыстарын өтейді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Қағидаларды 6-тараумен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 18.04.2014 № 378 қаулысымен (құпия).**

Қазақстан Республикасының  
азаматтарын әскери қызметке  
шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу  
қағидаларына  
1-қосымша

20\_\_ жылғы № \_\_\_\_ тізімдеме бойынша  
есепке алынды

**Облыстық (республикалық маңызы бар қала немесе астана)  
әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабы**

20\_\_ ж. " \_\_ " басталды.

20\_\_ ж. " \_\_ " аяқталды.

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты	Тұған жылы	К а й аудандық әскерге шақыру комиссиясы және қашан куәландырды ,	Шагымдар ( әскерге шақырылуш	Объективті, зертханалық және күралдық	Облыстық әскерге	Ескертпе

1	2	3	комиссияның шешімі	ының басқа да өтініштері)	тексеру деректері, диагнозы	шакыру комиссиясының шешімі	8
20	ж.	"	№	хаттама			

20\_\_ ж. "\_\_" \_\_\_\_ барлығы күэландырылғаны

Соның ішінде: \_\_\_\_\_ адам.

аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының \_\_\_\_\_ шешімі бекітілді;

аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының \_\_\_\_\_ шешімі бекітілмеді;

Олардың ішінде мыналар танылды:

әскери қызметке жарамдысы \_\_\_\_\_ адам

бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсызы, соғыс уақытында шектеулі жарамдысы \_\_\_\_\_ адам

әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсызы \_\_\_\_\_ адам  
стационарлық тексерілуге мұқтажы \_\_\_\_\_ адам

әскерге шақыруды кейінге қалдыруға мұқтажы \_\_\_\_\_ адам

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(лауазымы, қолы)

Комиссия төрағасының орынбасары \_\_\_\_\_  
(лауазымы, қолы)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
(лауазымы, қолы)

\_\_\_\_\_  
(лауазымы, қолы)

\_\_\_\_\_  
(лауазымы, қолы)

Дәрігерлер \_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

Комиссия хатшысы \_\_\_\_\_  
(қолы)

Ескертпе: облыстық шақыру комиссиясының хаттамалар кітабын жүргізу жөніндегі талаптар аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының хаттамаларын жүргізумен бірдей.

шакыруды үйымдастыру мен жүргізу

қағидаларына

2-қосымша

Корғаныс істері жөніндегі  
басқарма (бөлім) мөртаңбасы

### **Анықтама**

---

қолдаухватына сәйкес

(министрлік, ведомство атауы)

19\_\_ жылы туған азамат \_\_\_\_\_

20\_\_ ж. "\_\_\_" - 20\_\_ ж. "\_\_\_" аралығы кезеңіне шетелге қызметтік  
іссапарға (окуға) жіберіледі.

Іссапар (оку) мерзімі аяқталғаннан кейін, бірақ 20\_\_ ж. "\_\_\_" кешіктірілмей  
азамат \_\_\_\_\_

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" Қазақстан  
Республикасының Заңына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырылу үшін қорғаныс  
істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) келуге міндетті.

Азамат \_\_\_\_\_  
әскерге шақыру участасынан тіркелуі туралы күелігі

---

корғаныс істері жөніндегі басқармада (бөлімде) сақталуда.

Корғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығы

---

(әскери атағы, қолы)

М.О.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілерді қабылдау және әскерге шақыру  
бөлімінің бастығы

---

(әскери атағы, қолы)

Әскерге шақырылышының шетелге қызметтік іссапарға шығуы, оның Қазақстан  
Республикасына оралу мерзімі туралы ресімделетін министрліктің (ведомствоның)  
белгісі 20\_\_ ж. "\_\_\_"

М.О.

---

(қолы)

Азаматтарды әскери қызметке

шақыруды үйымдастыру мен

**Әскерге шақырылушының отбасы жағдайын тексеру актісі**

Ескеरту. Қағидалар 2-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 835 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20 жылғы " "  \_\_\_\_\_

1. Құрамында қорғаныс істері жөніндегі басқармадан (бөлімнен, біріктірілген бөлімнен) өкіл

---

---

(әскери атағы, лауазымы, тегі және аты-жөні)

---

,

жергілікті атқарушы органның өкілі \_\_\_\_\_

---

(лауазымы, тегі және аты-жөні) \_\_\_\_\_,  
білім беру үйимының өкілі \_\_\_\_\_

---

,

(лауазымы, тегі және аты-жөні) және өзге де үйимдардың өкілі \_\_\_\_\_

---

(лауазымы, тегі және аты-жөні) бар  
комиссия \_\_\_\_\_

---

,

(әскерге шақырылушының тегі және аты-жөні, туған күні)

---

отбасы жағдайына тексеру жүргізді.

2. Қайда жұмыс істеді (жоқ), оқиды (оқыған) \_\_\_\_\_

---

(лауазымы, жалақы мөлшері, оку орны сыныбының, курсының номірі)

3. Асырауында кім бар немесе болған \_\_\_\_\_

4. Тексеру күніндегі әскерге шақырылушиның отбасы \_\_\_\_\_

P/c №	Т.А.Ә. бар болса	Тұған күні	Тұстық қатынасы	Тұрғылықты жері	Денсаулық жағдайы ( мүгедектік тобы)	Лауазымы, жалақы ( зейнетакы) мөлшері
1	2	3	4	5	6	7

5. Әскерге шақырылушиның тұрғын үймен қамтамасыз етілуі \_\_\_\_\_

6. Әскерге шақырылуши отбасының өмір сүруіне қаражат көздері \_\_\_\_\_

7. Ата-аналарынан бөлек тұратын аға-інілері мен апа-қарындастары \_\_\_\_\_

P/c №	Т.А.Ә. бар болса	Тұған күні	Тұстық қатынасы	Тұрғылықты жері	Денсаулық жағдайы ( мүгедектік тобы)	Лауазымы, жалақы ( зейнетакы) мөлшері
1	2	3	4	5	6	7

8. Әскерге шақырылушиның ата-анасына аға-інілері мен апа-қарындастары тарапынан қандай көмек көрсетіледі \_\_\_\_\_

9. Әскерге шақырылушиның отбасы неге мұқтаж, отбасына кім және қандай материалдық көмек көрсетілді немесе көрсетуде \_\_\_\_\_

10. Әскерге шақырылушиның отбасылық жағдайына тексеру жүргізген комиссияның қорытындылары мен ұсыныстары \_\_\_\_\_

Ұйымның мөрімен расталған комиссия мүшелерінің қолтаңбалары: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

11. Қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім, біріктірілген бөлім) бастығының

әскерге шақыру комиссиясына өтінішхаты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

М.О.

Қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім, біріктірілген бөлім) бастығы

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні) 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ "

Қазақстан Республикасының

азаматтарын әскери қызметке

шақыруды ұйымдастыру

мен жүргізу қағидаларына

2-2-қосымша

Нысан

#### Әскерге шақырылуышыны зерделеу парагы

Ескеrtу. Қағидалар 2-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Әскерге шақырылуышы \_\_\_\_\_

Туған күні, айы, жылы \_\_\_\_\_

Тұрғылықты жері \_\_\_\_\_

P/c №	Сұраптар	Жауаптар
1.	Білімі (қандай оку орнын аяқтады, қандай мамандық алды)	
2.	Жұмыс орны және мамандығы	
3.	Отбасы жағдайы	
4.	Көлік құралын басқаруға куәлігінің болуы және оның санаты	
5.	Бастапқы әскери даярлықтан өтуі	
6.	Қандай дар бір әскери-патриоттық клубта болды ма, жоқ па	

7.	Саяси немесе жастар үйымының, белгіленген тәртіппен тіркелмеген партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің және дәстүрлі емес діни ағымдардың мүшесі болып табыла ма, жоқ па
8.	Мемлекеттік наградалары немесе төсбелгілері бар ма, жоқ па
9.	Спорттың қандай түрін менгерген
10.	Спорттық разрядтары бар ма, жоқ па
11.	Немен әуестенеді
12.	Қандай шет тілдерін біледі
13.	Мерзімді әскери қызметті әскердің қандай түрінде немесе тегінде өткергісі келеді
14.	Әскери қызметті одан әрі келісімшарт бойынша жалғастырғысы келе ме

Корытынды: \_\_\_\_\_

---



---

(зерделеуді жүргізген адамның әскери атағы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Әскерге шақырылушының қолы: \_\_\_\_\_

Әңгімелесу өткізілген күн 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ "

Қазақстан Республикасының  
азаматтарын әскери қызметке  
шақыруды үйимдастыру  
мен жүргізу қағидаларына  
2-3-қосымша

Нысан

20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ жағдай бойынша \_\_\_\_\_ ауданының  
қорғаныс істері жөніндегі басқармасында (бөлімінде) зерделенген және іріктең алғынған  
әскерге шақырылушылардың тізімі

Ескеरту. Қағидалар 2-3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Т.А.Ә (бар болса)	тұған күні	жарамдылығы		қандай оқу орнын бітірді ( мамандығы )	отбасы құрамы ( әкесі, анасы )	ҚІБ(Б)
			тіркеу кезінде	әскерге шақыру кезінде			

Кестенің жалғасы

арнайы тексеру нәтижелері	тағайындал ды (эскер тегі)	д і н и ұйымдарға катанасы	психология лық зерделеу нәтижесі	зerdeлеушін ің Т.А.Ә. ( бар болса)	зerdeлеу күні бар болса)	корытынды	ескертпе
---------------------------------	----------------------------------	----------------------------------	---	---	--------------------------------	-----------	----------

Қаланың (ауданның) қорғаныс істері жөніндегі басқармасының (бөлімінің) бастығы

(эскери атағы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қазақстан Республикасының  
азаматтарын әскери қызметке  
шақыруды ұйымдастыру  
мен жүргізу қағидаларына  
3-қосымша

Ескеरту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.11.2019 № 636 (алғашқы  
реєми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
қаулысымен.

Оқу орнының мөртаңбасы

### Анықтама

\_\_\_\_\_ жылды туған әскерге шақырылуши \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20 \_\_\_\_\_ жылды \_\_\_\_\_

оқуға түсті және қазіргі уақытта  
(оқу орнының толық атауы) күндізгі, кешкі (сырттай)

бөлімінің \_\_\_\_\_ курсында (сыныбында) оқитыны туралы берілді.

Оқу орнын бітіру мерзімі 20 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
(айы)

Анықтама \_\_\_\_\_

(қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) атауы)

\_\_\_\_\_ үсіну үшін берілді.

(оқу орны басшысының немесе орынбасарының қолы) м.о.

Анықтаманы толтыру бойынша түсіндірме:

1. Анықтама оқу орнының қызметтік құжаттарды есепке алу журналына тіркелуге және әскерге шақырылушиның қолы қойдырылып берілуге тиіс.

2. Анықтаманы алғашқы аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясынан өту кезінде әскери есепте тұрған қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) әскерге шақырылушиның өзі немесе оның сенімді адамы тапсырады.

3. Анықтамаға оқу орнының басшысы немесе басшының орынбасары қол қояды, ол оқу орнының мөрімен немесе электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітіледі.

Қазақстан Республикасының  
азаматтарын өскери қызметке  
шакыруды үйимдастыру мен жүргізу  
қағидаларына  
4-косымша

20\_\_ жылғы № \_\_\_\_ тізімдеме бойынша  
есепке алынды

\_\_\_\_\_ облысы  
\_\_\_\_\_ ауданының (қаласының) аудандық (қалалық,  
облыстық маңызы бар қала) өскерге шақыру  
комиссиясының хаттамалар кітабы

20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ басталды.

20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ аяқталды

20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ барлығы өскерге шақырылудан өткені \_\_\_\_\_ адам.

Оның ішінде:

а) өскери қызметке жарамдысы \_\_\_\_\_ адам.

б) денсаулық жағдайы бойынша өскери қызметке

уақытша жарамсызы \_\_\_\_\_ адам.

в) бейбіт уақытта өскери қызметке жарамсыз, соғыс  
уақытында шектеулі жарамдысы \_\_\_\_\_ адам.

г) өскери есептен шығара отырып, өскери қызметке  
жарамсызы \_\_\_\_\_ адам

д) стационарлық тексерілуге жіберілгені \_\_\_\_\_ адам

\_\_\_\_\_ адамның өскери қызметке жарамдысы:

а) мерзімді өскери қызметке шақырылуға жататыны \_\_\_\_\_ адам

б) мерзімді өскери қызметке шақыруды кейінге қалдырылғаны \_\_\_\_\_ адам

Оның ішінде:

а) отбасы жағдайы бойынша \_\_\_\_\_ адам

б) білім алуды жалғастыру үшін \_\_\_\_\_ адам

в) басқа да себептермен \_\_\_\_\_ адам

Өскерге шақыру комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_  
(лауазымы, қолы)

Өскерге шақыру комиссиясы төрағасының орынбасары \_\_\_\_\_  
(лауазымы, қолы)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
(лауазымы, қолы)

(лауазымы, қолы)

(лауазымы, қолы)

Дәрігерлер \_\_\_\_\_

(қолы)

(қолы)

Комиссия хатшысы \_\_\_\_\_

(қолы)

Эскерге шақыру аяқталғаннан кейін әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру нәтижелерінің жалпы қорытындысы мынадай үлгі бойынша жүргізіледі:

Хаттама нөмірі	Күні	Әскерге шақыру комиссиясынан өтті	Әскери қызметке жарамдыларды	Кейінге қалдырылды	Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыздары, соғыс уақытында шектеулі жарамдылар	Әскери қызметке есептен шығара отырып жарамсызы	Тексерілуге жіберілгені
1	2	3	4	5	6	7	8

Барлығы

Тексерілуге жіберілгендерден анықталғандары							
Жиынтық							
Пайыз							

### **Аудандық (облыстық) маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабын жүргізу жөніндегі түсіндірмелер**

1. Әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабы қатаң есептегі құжат болып табылады. Ол нөмірленген, тігілген болуға, оған қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығының қолы қойылған, қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) елтаңбалық мөрімен расталуға тиіс және мұрағатқа өткізілгеннен кейінгі 15 жыл бойы қызмет бабында пайдалануға арналған құжаттар құқығында сақталады. Адамдарға осы кітаппен жұмыс істеуге рұқсат ету қатаң шектеулі және қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығының бүйрекшімен жариялануға тиіс.

2. Кітапқа жазбаларды медициналық бикелер қатарынан осы үшін арнайы дайындалған комиссия хатшысы жүргізеді. Барлық жазбалар сиямен анық және ұқыпты жүргізіледі. Өшірулер жасауға, сондай-ақ жазбалар арасынан бос орын қалдыруға рұқсат етілмейді. Жіберілген қателер сиямен жөнделеді, корғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығы қол қояды және қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) елтаңбалық мөрімен расталады.

3. Кітапқа бір қүн ішінде әскерге шақыру комиссиясынан өткен, соның ішінде қосымша тексерілуге жіберілген барлық әскерге шақырылушилар енгізіледі. Тексерілуден қайтқан әскери шақырылушилар әскерге шақыру комиссиясы соңғы шешім қабылдайтын күнге қайта жазылады. Екі жағдайда да кітапта тиісті жазбалар жасалады:

тексерілуге жіберілген кезде 6-бағанға: "№ \_\_\_\_ қалалық ауруханаға қосымша тексерілуге жіберілсін, ал әскерге шақыру комиссиясынан қайтадан өткеннен кейін: "Шақырылудан өтті, 20\_\_ ж. \_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама" деп жазылады;

شاқырылудан қайтадан өту кезінде кітаптың 2-бағанында аты-жөнінен төмен мыналар жазылады: "Қайтадан, 20\_\_ ж. \_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттаманы қараңыз."

4. Егер әскерге шақыру комиссиясы шешімінің күшін жою қажет болса, онда кітаптағы осы шешім сзылмайды, "Шешім күшін жойды, 20\_\_ ж. \_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттаманы қараңыз." деп жазылады. Әскерге шақырылуши кітапқа қайтадан жазылады. Кітаптың 6-бағанына мыналар жазылсын: "Әскерге шақыру комиссиясының 20\_\_ ж. \_\_" \_\_\_\_ шешімі, № \_\_\_\_ хаттамасы жойылсын (жою себебі көрсетілсін)" және бұдан әрі әскерге шақыру комиссиясының жаңа шешімі жазылады.

5. Әскерге шақырылушиларды арнайы командаларға қабылдау кезінде әскер тегін көрсеткеннен кейін осы командалардың нөмірлері көрсетіледі.

6. Хаттамалардағы реттік нөмірлері: алымы – осы хаттаманың реттік нөмірі, бөлімі (№ 2 хаттамадан бастап) – әскерге шақырудың басынан бастап әскерге шақыру комиссиясынан өткендердің реттік нөмірі.

Мысалы, егер бірінші қуні әскерге шақыру комиссиясынан 50 адам өтсе, онда № 2 хаттамада бірінші жазылған әскерге шақырылушиның тұсына № 1/51 қойылады, бесіншінің тұсына – № 5/55 және т.б.

Қазақстан Республикасының  
азаматтарын әскери қызметке  
шакыруды ұйымдастыру мен жүргізу  
қағидаларына  
5-қосымша

**Әскерлерге жөнелту үшін облыстық (республикалық маңызы бар  
қаланың немесе астананың) жиын пунктіне \_\_\_\_\_  
қорғаныс істері жөніндегі басқармадан (бөлімнен)  
жіберілген № \_\_\_\_\_ әскери командаға атаулы тізімі**

P/c №	T.А.Ә.	Тұған жылды	Тағайындал	Әскери мамандығы	Әскерлерге жөнелту үшін ҚІБ (ҚДБ) келді (күні, айы, жылы)	Команда нөмірі, қашан және қандай әскери команда мен әскерлерге жөнелтілді	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8

м.о Қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығы

(әскери атағы, қолы)

### Атаулы тізімді жасау жөніндегі түсіндірмелер

1. Атаулы тізімді қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) әрбір жөнелтілген командаға үш данадан жасайды.
2. Тізімде қорғаныс істері жөніндегі департаменттің әрбір әскери команда үшін белгілеген нөмір көрсетіледі.
3. Әскерге шақырылышыларды режимдік бөлімдерге жіберген кезде 4-бағанда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы белгілеген команда нөмірі көрсетіледі.
4. 7-баған облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінде тізімнің бірінші және екінші даналарында толтырылады. Осы бағанда әрбір тектің тұсына әскерге шақырылышы қашан және қандай әскери команда мен әскерлерге жөнелтілгені көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының  
азаматтарын әскери қызметке  
шақыруды ұйымдастыру мен  
жүргізу қағидаларына  
5-1-қосымша

Нысан

### Әскери қызметке шақырылуын растау туралы мәліметтер

Ескеरту. Қағидалар 5-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Берілген күні \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (бар болса) \_\_\_\_\_

Түүлған күні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті  
(өнір атауы)

бастығының 20\_\_ жылғы " " №\_\_ бұйрығының нөмірі мен күні.  
Әскери бөлімнің (мекеменің) атауы \_\_\_\_\_  
Қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығы  
(өңір атауы)  
\_\_\_\_\_

(әскери атағы, қолы, тегі мен инициалдары)

М.О.

Ескертпе:

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мерзімді қызмет әскери қызметшілері үшін әскери қызмет мерзімі құнтізбелік мерзіммен есептегендегі он екі ай деп белгіленеді.

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 6-тармағына сәйкес азамат облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жергілікті әскери басқару органы бастығының әскери қызметке шақыру туралы бұйрығы шыққан кезден бастап әскери қызметке шақырылды деп есептеледі.

Қазақстан Республикасының  
азаматтарын әскери қызметке  
шақыруды ұйымдастыру мен  
жүргізу қағидаларына  
5-2-қосымша

Нысан

**Бақылау медициналық тексеріп-қараша нәтижесі/ Результаты контрольного медицинского осмотра**

**Ескерту. Қағидалар 5-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Әскерге шақырылуши (призывник): \_\_\_\_\_

ауданының (қаланың) ҚІБ атауы/наименование ОДО района (города)

\_\_\_\_\_ облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің жиын пунктінде/  
На областном сборном пункте Департамента по делам обороны \_\_\_\_\_ области

**Антропометриялық деректер/ Антропометрические данные**

Бойы/рост \_\_\_\_ салмағы/вес \_\_\_\_ кеуде көлемі/объем груди \_\_\_\_

Өкпе көлемі/спирометрия \_\_\_\_

Тағайындау көрсеткіші/показатель предназначения \_\_\_\_

**Дәрігер-мамандардың қорытындысы/ Заключение врачей-специалистов**

	Жарамдылық санаты/ Категория годности	Тәгайындау көрсеткіші/ Показатель предназначения	қолы/ подпись
Хирург			
Отоларинголог оң құлағына сыйырлау/ шепотная речь в правое ухо сол құлағына сыйырлау/ шепотная речь в левое ухо			
Стоматолог			
Окулист а) оң көздің көрүі/острота зрения правого глаза сол көздің көрүі/острота зрения левого глаза б) жарық сезгіштігі/ цветоощущение			
Невропатолог			
Психиатр			
Фтизиатр Флюорография деректері/ данные флюорографии			
Терапевт			
Дерматовенеролог			
Қосымша дәрігер-мамандар/дополнительные врачи – специалисты			

## Қорытынды/Итоговое заключение

Диагноз	Жарамдылық санаты/ Категория годности	Тәгайындау көрсеткіші/ Показатель предназначения
---------	--	--

ҚІД медицина қызметінің бастығы/

Начальник медицинской службы ДДО \_\_\_\_\_

(қолы/подпись)

М.О./М.П. Медициналық комиссия тәрағасы/ \_\_\_\_\_

Председатель медицинской комиссии (қолы/подпись)

М.О. /М.П.

20 \_\_\_\_ жылғы /года " \_\_ "

Қазақстан Республикасының  
азаматтарын әскери қызметке  
шакыруды ұйымдастыру мен жүргізу  
қағидаларына  
6-қосымша

20 \_\_\_\_ жылғы № \_\_\_\_

тізімдеме бойынша есепке алынады

облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінен қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) қайтарылған әскерге шақырылушыларды есепке алу кітабы

20 \_\_ ж. " \_\_ " басталды

20 \_\_ ж. " \_\_ " аяқталды

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты	Тұған жылы	Әскерге шақырылушы қайтарылған қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) атауы	Қайтарылу себебі
1	2	3	4	5

20 \_\_ ж. " \_\_ "

Облыстық (республикалық маңызы бар қала немесе астана) жиын пунктінің бастығы

(әскери атағы, қолы)

### Кітапты жүргізу жөніндегі түсіндірмелер

1. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінен қайтарылған барлық әскерге шақырылушылар кітапқа жазылады.

2. Кітапқа жазуды облыстық (республикалық маңызы бар қала немесе астана) жиын пунктінің бастығы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының  
азаматтарын әскери қызметке  
шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу  
қағидаларына  
7-қосымша

Қорғаныс істері жөніндегі  
департаменттің мөртаңбасы

\_\_\_\_\_ қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығына

облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жиын пунктінен әскерге шақырылушы \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты, тегі)

(себебі көрсетілсін)

бойынша әскерге шақыру комиссиясында қайта қарау үшін қайтарылды.

Қосымша: \_\_\_\_\_

(құжаттар тізбесі)

Корғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығы

(әскери атағы, қолы)

Қазақстан Республикасының  
азаматтарын әскери қызметке  
шақыруды үйымдастыру мен жүргізу  
қағидаларына  
8-қосымша

өнірлік қолбасшылығы, Қазақстан

Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары  
қабылдау пункті бастығының қарамағына

корғаныс істері жөніндегі  
департаменттің жиын пунктінен жіберілетін № \_\_\_\_\_ әскери  
командаға атаулы тізім \_\_\_\_\_ темір жолының  
станциясы

P/c №	T.A.Ә.	Тұған жылы	Қандай корғаныс істері жөніндегі басқарма (ды бөлім) әскерге шақырды	Тағайындал ды	Әскери мамандығы	Әскерлерге жөнелту үшін ҚІБ (ҚІБ) келді (күні, айы, жылы)	Қандай жас буынды қабылдау пунктіне (қандай әскери бөлімге) жөнелтілді
1	2	3	4	5	6	7	8

Корғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығы

(әскери атағы, қолы)

Қазақстан Республикасының  
азаматтарын әскери қызметке  
шақыруды үйымдастыру мен  
жүргізу қағидаларына  
9-қосымша

Нысан

Әскери қызметшінің қызмет орнынан мәліметтер

Ескеरту. Қағидалар 9-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2022 № 636 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Берілген күні \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (бар болса) \_\_\_\_\_

Тұылған күні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті  
(өңір атауы)

бастығының 20\_\_ жылғы "\_\_\_" №\_\_ бүйрекінде нөмірі мен күні.

Нақты әскери қызмет өткеретін әскери бөлімнің (мекеменің) атауы

\_\_\_\_\_ командирі (бастығы)

(әскери бөлім (мекеме) атауы)

(әскери атағы, қолы, тегі мен инициалдары)

М.О.

Ескеертпе:

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мерзімді қызмет әскери қызметшілері үшін әскери қызмет мерзімі күнтізбелік мерзіммен есептегендегі он екі ай деп белгіленеді.

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 6-тармағына сәйкес азамат облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жергілікті әскери басқару органы бастығының әскери қызметке шақыру туралы бүйрекі шыққан кезден бастап әскери қызметке шақырылды деп есептеледі.